

AINA

ФИЛИАЛ ТӨРАҒАСЫ
САЙЛАНДЫ

2-бет

KUN TARTIBI

ЖЫЛУ МАУСЫМЫ
ІРКІЛІССІЗ ӨТЕДІ

3-бет

ALEUMET

«ТӨРТ БОСАҒА»
ТӨРГЕ ШЫҚТЫ

4-бет

ZERDE

ҰЛЫТАУ ӘЙЕЛДЕРІ
СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

6-бет

4 ҚАЗАН – МҰҒАЛІМ КҮНІ

Құрметті ұстаздар, ардақты ардагерлер!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мереке – Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз!
Ұстаз – ұлағатты есім. Ұрпақ тәрбиесі ұстазға байланысты. Сондықтан да ол әрдайым қасиетті тұрға ретінде ерекшеленді. Шәкірттерін білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беріп, жақсы қасиеттерді бойына дарытып, адамгершілік рухта бағыт-бағдар беруде ұстаздың еңбегі зор.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 1 қыркүйектегі Қазақстан халқына арнаған Жолдауында мұғалімдер мен оқытушылардың әлеуметтік жағдайын жақсартуды тапсырып, ұстаздар еңбегін жоғары бағалау және мәртебесін одан әрі көтеру қажеттігіне баса назар аударды. Бұл үрдіс елімізде қашанда жалғасын таба бермек.

Жезқазған қаласында білім көшін жылжытып келе жатқан 1320 ұстаздар қауымы оқу жылын бастап отыр. Педагог – кадрлардың сандық және сапалық құрамы жыл сайын артуда. Ардагер, тәжірибелі мұғалімдермен қатар жас мамандар да еңбек етуде. Мұны біз аса маңызды ұрпақтар сабақтастығының кепілі ретінде жақсы үрдіске балаймыз.

Биыл Жезқазған қаласының қарашаырақ білім ордасы №8 қазақ гимназиясы 65 жылдық және №13 орта білім беру мектебі 60 жылдық мерейтойларын атап өтуде. Аталған уақыт ішінде алтын ұяны сандаған жезқазғандықтар бітіріп, өмірден өз орындарын тапты, әр салада жемісті еңбек етуде. Білім мен тәрбиені қатар ұштаған тағлым орнында осы түлектердің көңіл түкпірінде жатталып қалған көптеген аяулы ұстаздар қызмет етіп, дәріс берді. Осы айтулы білім ордасының ұжымдарына Жезқазғанның білім беру саласының дамуына қосқан өлшеусіз үлестері үшін шексіз алғысымызды білдіре отырып, өскелең ұрпақты тәрбиелеуде өрелі істер және толайым шығармашылық табыстар тілейміз.

Қымбатты ұстаздар, ардақты ардагерлер!

Әр шаңырақтың үміт күткен ұл-қыздары сіздердің білімдеріңіз бен біліктеріңізге жүгініп, сеніп келеді. Осы ізгілік жолы үзілмей, қашанда абырой биігінен көріне беріңіздер. Сіздерге зор денсаулық, қажымас қайрат, шығармашылық табыстар тілейміз! Мереке құтты болсын!

Жезқазған қаласының әкімі

Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы

Қ.ӘБСАТТАРОВ

С. МЕДЕБАЕВ

ҰСТАЗ МӘРТЕБЕСІ БИІКТЕДІ

Өткен гасырдың басында мәдениет пен экономикалық дамудың өзара қимылын зерттеген неміс ойшылы Макс Вебер: «Үлкен ауқымнан қарағанда, ұлттар тауарлармен және қызмет көрсетумен ғана бәсекелеспейді. Олар қоғамдық құндылықтар және білім беру жүйелерімен де бәсекелеседі» деген қорытындыға келген екен. Шынында, елдің бәсекеге қабілеттілігі деңгейін анықтайтын негізгі өлшем – білім мен ғылым. Осы екеуіңіз ілгерілеу де, өркендеу де мүмкін емес. Сондықтан, Қазақстанда егемендігін жариялағаннан күні бүгінге дейін білім-ғылым саласына басымдық берілуде. Атақарыған ауқымды шаралар нәтижесіз болды дей алмастық. Мұғалім мүддесінің заңмен қорғалуы, қазыбастандықты жою, жаңартылған білім мазмұнына көшу, үш тілде оқыту сынды ізгіліктердің бәрі – сол реформаның жемісі. Отандық білім беру жүйесін тағы да жаңалықтар күтіп тұрғаны анық. Негіз деңгейде, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ел азаматтарының алдына «XXI ғасырдың ұрпағы терең білімді болғаны жөн» деген міндет қойып, «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс-қимыл кезеңі» атты Жолдауының бір бағытын қолжетімді әрі сапалы білімге арнады. Ұстаздар еңбекқандықпен өсіріп, өскелең ұрпақтың спорттық және шығармашылық әлеуетін жоғарылату, қала мен ауыл арасындағы білім беру саласындағы ашықтықты қысқарту қажеттігіне назар аударған стратегиялық құжатта жүктелген міндеттері жүзеге асыруда білім қызметкерлеріне артылар жауапкершілік зор. Осы ретте біз алдына қойылған әрі тапсырманы адал орындап, ұсымның жемістікке жетерлендірген қарашаырақ №8 гимназияның директоры Сара ӘБДІКЕРОВАНЫ әңгімеге тартқан едік.



– Сара Түгелбайқызы, Мұғалімдер күні құтты болсын! Пандемияға қарамастан биыл ұстаздар қауымы төл мерекесін ерекше сезіммен қарсы алады деген ойдамын. Себебі, жылдар бойы қаузалып келген мұғалім мәртебесі туралы заңға қол қойылды. Құқықтық құжатпен танысып үлгерген болсаңыз. Мұғалімнің білігі мен беделін арттыруда аталған заңның ролі қандай?

– Рахмет! «Педагог мәртебесі туралы» және «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне педагог мәртебесі, оқушы мен мұғалімге жүктемені төмендету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары Елбасы Н. Назарбаевтың «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» Жолдауын және Қазақстан Президенті Қ. Тоқаевтың 2019 жылы өткен «Білім және ғылым!» педагогтердің та-

мыз конференциясында берген тапсырмаларын орындау мақсатында әзірленген. «Педагог мәртебесі туралы» ҚР Заңының мақсаты – педагогтердің мәртебесін арттыру, жүктесін азайту, оларды жосықсыз тексерулерден және өздеріне тән емес функциялардан қорғау, ынталандыру бойынша өзге де мәселелерді заңнамалық деңгейде шешу. Бұдан басқа, Заңда педагогтердің құқықтары мен міндеттері қарастырылып, сондай-ақ педагогикалық қызметке рұқсат беру талаптары белгіленген. Жасыратыны жоқ, биналдан бастап күшіне енген заңда қазақстандық педагогтердің ойынан шығып, көкейіндегісін деп басқан тұстары жетерлік. Біріншіден, 2020 жылы жалақыны 25 пайызға өсіру және төрт жыл ішінде екі есе арттыру көзделген. Екіншіден, педагог өз міндетіне жаттайтын функцияларға тартылуында қорғалады.

►► 5-бетте

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

АЙМАҚТАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – БАСТЫ НАЗАРДА

Өткен сәрсенбиде Қарағанды қаласында облыстағы, оның ішінде Жезқазған, Балқаш, Теміртау қалаларындағы экологиялық жағдайға байланысты қоғамдық тыңдау өтті. Тыңдауға Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек, ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ахметжан Пірімқұлов, Денсаулық сақтау вице-министрі Асқар Ғыният, Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Ерлан Сайыров, «АрселорМиттал Теміртау» АҚ Бас директоры Бидеу Наур және «Kazakhmys Smelting» ЖШС Бас директоры Әділет Барменқұлов қатысып, баяндама жасады.

Сондай-ақ, қоғамдық тыңдауда Балқаш, Жезқазған, Теміртау қалаларының әкімдері, мәслихат депутаттары, Экология министрлігінің жергілікті департаменттері мен облыстық басқарма башылары, сарапшылар, қоғам белсенділері де болды.

Қарағанды облысы еліміздің экономикасында өзіндік орны бар аймақ екенін айтқан облыс басшысы Жеңіс Қасымбек мемлекет басшылығы аймақтағы экологиялық ахуалға ерекше маңыз беретінін жеткізді. Осы қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруға ұйытқы болған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Ерлан Сайыров пен ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне, ҚР Денсаулық сақтау министрлігінің ұсынысын қолдайтынын жеткізді.

Жыныда сөз алған Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мүшесі Ерлан Сайыров аймақтағы экологиялық ахуал тек қарағандылықтарды ғана алаңдатын мәселе емес, республика деңгейінде бақылауда тұрған мәселе екенін баса айтты.

Бүгін осындай форматта жиын өткізу бастамасын қолдаған облыс басшылығына ризашылығымызды білдіреміз. Бұл Мемлекет басшысы қойып отырған ашықтық қағидаттарына сай келеді және жаңа тұрпаттағы қоғаммен диалогтың

белгісі болып отыр. Мына праймериз науқаны барысында елді аралап жүрміз. Сондай кездесулерде елдің көтергін мәселелерінің де негізгісі – осы экология жайы. Жақында мен Жезқазғанда болдым. Онда да қала халқы экологиялық ахуалға алаңдаушылық білдіріп отыр. «Қазақмыс» корпорациясының өндіріс нысандарына, қалада өсіп отырған онкологиялық ауруларға қатысты сұрақтар көп. Денсаулық сақтау министрлігі де туберкулез, онкологиялық аурулар сияқты әлеуметтік ауруларды емдеуде жаңа қадамдар жасауы керек. Ірі кәсіпорындар да мұндай мәселелерді шұғыл шешуі керек. Біздің басты байлығымыз ол – адам, азаматтарымыздың денсаулығы. Заманға сай цифрлық технологиялар дамып жатқан тұста ол мәселелерді шешудің онтайлы жолдары да көп, – деді Ерлан Сайыров.

Отырыс үстінде сөз алған ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министрі Ахметжан Пірімқұлов бұл бағытта министрліктің ұстанымы айқын екенін айтты.

Қарағанды мен өңірдегі қалалардың экологиялық проблемалары біздің министрліктің ұдайы бақылауында. Бұл мәселелердің шешімі Қарағанды облысының экологиялық ахуалын жақсартуға бағытталған іс-шаралардың Кешенді жоспарына

да кірген. Аталған Жоспар орындалса, қоршаған ортаға түсетін антропогендік және техногендік жүктеме азайып, өңірдегі экологиялық жағдайды едәуір жақсартуға мүмкіндік туады. Бұдан бөлек, Теміртау қаласының экологиялық ахуалын дұрыстау үшін қаланың әкімімен Кешенді жоспар бекітілген. Сонымен бірге, Экология министрлігі Балқаш және Жезқазған қалаларының экологиялық проблемаларын шешуге қатысты Жол картасын дайындауға ұсыныс берді. Бұл да аталған қалалардағы және облыстағы қоршаған орта жағдайын жақсартуға мүмкіндік туғызды, – деді Ахметжан Пірімқұлов.

Вице-министрдің айтуынша, қазір облыста 17 ірі өнеркәсіп кәсіпорны жұмыс істейді. Олар жыл сайын атмосфераға ластанушы заттар шығарады. Оның көбі «АрселорМиттал Теміртау» АҚ мен «Қазақмыс» корпорациясының кәсіпорндарына тиесілі.

Қазір мемлекеттік органдар өз құзиреттері аясында облыстағы экологиялық ахуалды жақсарту бойынша жұмыс істеп жатыр. Алайда облыста жүйелі түрде әрекет етуді және мүдделі тараптармен бірлесіп шешуді талап ететін кешенді проблемалар бар.

►► 2-бетте

АҚЫН С. НӨКЕНОВТИҢ ТУҒАНЫНА 80 ЖЫЛ

САЙЛАУХАН АҚЫНДЫ ЕСКЕ АЛДЫ

Қаламыздағы С.Сейфуллин атындағы кітапхана ұжымының ұйымдастыруымен ақын, журналист Сайлаухан Нөкеновтің 80 жылдығына орай тартымды да маңызды іс-шара болып өтті. «Өмірдің өлеңмен өрсе» деп аталған бұл басқосуға қаламгердің әріптестері, шәкірттері және кезінде қатар жүрген иештес жақындары шақырылды. Олар Сәкен марқұмды еске алып, айрықша таланты жаның шығармашылық жолы мен адамгершілік абзал қасиеті туралы естеліктерін ортаға салды.

Жоғары оқу орнын бітірген соң Сайлаухан ағамыз еңбек жолын туып-өскен Жаңақара ауданы «Өркендеу» ауылында мұғалім болудан бастаған еді. Бұдан әрі өзінің өмірлік ұстанымына сай 1962 жылы баспасөз саласына ауысты. Қарағанды облыстық «Советтік Қарағанды», кейінде «Орталық Қазақстан» аталған газетте айшықты қолтаңбасымен танылды. Әдеби қызметкер, меншікті тілші болып 10 жылдай жемісті еңбек етті. Жезқазған облысы анылған 1973 жылы облыстық «Жезқазған туы» газетіне бөлім менерушісі болып келді. Кейін осы газеттің жауапты хатшысы, 1979-1983 жылдары Қазақ радиосының Жезқазған облысындағы меншікті тілшісі, 1983-1997 жылдары «Жезқазған туы» («Сарыарқа») газеті бас редакторының орынбасары болды. Газет жұмысына жегіліп, ауыл арасында қалып қойғаны болмаса Сайлаухан ағамыз ақындық қуаты ерекше болатын. Сырбаз ақынның лирикалық жырларына кезінде Тұманбай, Қадыр сынды ақындар жоғары баға бергенін білеміз. Оның «Күдіретті қолдар» атты шағын туынғы жыр жинағы 1977 жылы баспадан шықса, «Жұмақтың жо-



лы» жыр кітабы арада ширек ғасырға жуық уақыт өткенде 2001 жылы жарық көрді. Сәкен газетте еңбек еткеннен өмірін өлеңге арнаған адам. Алайда, өлермендік танытып, кітап шығаруға аса ұмтылмағаны анық. Соның айғағындай, әр жылдары жазылып, жарық көрмеген сырышыл өлеңдерінің өзі бір жинаққа жүк болды. Өзі өмірден өткеннен кейін баспа бетін көрген бұл жыр жинағы «Бозторғайы жанымның» деп аталады. Ақынның өлеңдерін ыждағаттылықпен жинақтаған зайыбы Мәкіжан, баспаға дайындаған шәкірті, белгілі қаламгер, ғалым Кенжебай Ахметов бұл тұрғыда көп еңбек сіңірді. Сондай-ақ, «Сарыарқа кітапханасы» сериясымен топтастырылған өлеңдер жинағы да ол кісі өмірден өткеннен кейінгі шыққан дүниеге жатады.

Сыр-сұхбат ретінде өрбеген кітапханадағы кездесудің тізгінін ұстаған филология ғылымдарының кандидаты, доцент Алмагүл Үмбетова Сәкеннің өмір жолы, ақындық қуаты туралы ой өрбіте отырып, іс-шараға қатысушыларды ортақ әңгімелерімен бөлісуге шақырды. Ол өзі де алғаш өлең жазып жүргенінде Сайлаухан ағамыз алдынан өтіп, ақ бағасын алғанын, ол кісінің ақындығына бет бұрған көптеген жастарға шапағаты тигенін ризашылықпен

жеткізді. Сөзбен көп араласып, қатар жүрген ардагер журналист Аманжол Үсенов: «Сайлаухан жайлы аңызға бергісіз әңгімелер көп. Ол негізінде өзін мықтымын деп бағаламаған болар, ал қазір оның қай өлеңін оқысақ та мықты ақын екенін мойындаймыз» деп, бірге жүрген кездерден біраз сыр шертті. «Қазақмыс» корпорациясы Ардагерлер кеңесі қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіров баспасөз бетінде С.Нөкеновтің жазған макалалары мен өлеңдерін сүйсініп оқығанын, басқалардан бөлекше, әсерлі жазғанын, ақиқатқа жүгінетінін ерекше атап өтті. Қазақстанның құрметті журналисі Аманжол Рахұлы, туысқан інісі Сексен Рахметұллин Сәкеннің ақындығы, журналистикадағы шеберлігінің қыры мен сыры, Жезқазған мәдениетіне сіңірген еңбегі жайлы әңгімеледі. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Береке Қошенов өзінің өлең ауылына қоңыс қонуына Сайлаухан ағамыз бір ауыз жылы лебізі себепкер болғанын айта келіп, ол кісінің өнерге, мәдениетке жасаған қамқорлығы жайлы айтты. Жаксыкелді сынды тұма талантпен шығармашылық ынтымақтастығын арқасында туган «Ұлытау» өңірін орындап берді. Шынығында сөзі мен әні ерекше қабысқан бұл ән барша қазақ жұртына Ұлытаудың

ұлылығы мен қасиетін қапысыз жеткізген жәуһар туынды екені даусыз. Сайлаухан ақын туралы көп айтуға болады. Ол өңір руханиятының шынайы шырақшысы бола білді. Айтсе аламына қосылған жас таланттарды ақындыққа баулыды, институт басшыларының алдында жатқанын ақынның ақындығын анықтап, олардың оқуға тусулеріне жол ашты. Көп жыл жергілікті қаламгерлердің «Құрыш», кейіннен «Аққус» әдеби бірлестіктеріне жетекшілік жасады. Сәкен ескерткіші алдында ақындардың басын қосып, өлең оқуды дестүрге айналырған да Сәкен болатын. «Ұлытау үні» фестивалінің шынайы жаршысы болып, оның жан-жақты, заманды өтуіне тікелей атсалысып отыратын. Ақынның өлең мұрасы – мәңгілік. Еске алу шарында КарМУ-дің 1-курс студенттері мен №13 жалпы орта білім мектебінің оқушылары ақынның өлеңдерін жатқа оқып, айрықша әсерге бөледі. Іс-шараға Сайлаухан ағамыз нмерелері келіп қатысты. «Орталықтан-дырылған кітапханалар жүйесі» КММ директоры Ғалия Түгелбаева айтулы ақынның шығармашылығы алдағы уақытта да кенінен насихатталатынын алға тартып, барлық қатысушыларға алғысын білдірді.

Нығман РАХЫМ

SARYARQA

«SARYARQA» аймақтық газетіне 2021 жылға жазылу басталды

Газетке бір жылға жазылу бағасы

Жеке тұлғалар үшін
Мекен жайға жеткізіп беру – 4 200 теңге.
Редакциядан келіп алу – 3 200 теңге.
Занды тұлғалар үшін
Мекен жайға жеткізіп беру – 7 500 теңге.
Редакциядан келіп алу – 6 500 теңге.

«Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС
ТОО «Редакция газеті Сарыарқа»
БСН/ЕИН 050340007333
ЖСҚ/ИИК KZ098560000005225027
АО «Банк ЦентрКредит»

+7 (7102) 71 00 55, +7 (7102) 77 50 25

«SARYARQA»
ГАЗЕТИН ӘЛЕУМЕТТІК
ЖЕЛІЛЕРДЕН ДЕ
ОҚИ ЖҮРІПЕЗ!

FACEBOOK.COM/
SARYARQAGAZETI/

T.ME/SARYARQA/

@SARYARQA_GAZETI

WHATSAPP + 7 708 420 19 88

SARYARQA-AҚПАРАТ

ВОЛОНТЕРЛІК ЖҰМЫС ЕҢБЕК КІТАПШАСЫНА МІНДЕТТІ ТҮРДЕ ТІРКЕЛМЕК

Қызметкерлердің волонтерлік жұмысын еңбек кітапшасына міндетті түрде тіркеу туралы шешім қабылданды. Бұл туралы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қайырымдылық, волонтерлік ұйымдардың және бизнес-сектордың өкілдерімен кездесуінде айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев волонтерлік қызметті дамыту, қайырымдылық пен меценаттыққа қолдау көрсету мемлекетіміздің ұзақ мерзімді басымдығы деп санайды. Волонтерлік іспен айналысу – патриотизмнің жарқын көріністерінің бірі. Мемлекет басшысы жариялаған Волонтер жылы азаматтарымыздың көпшілігін қайырымды іс қозғалысы төңірегіне топтастырды. Қазақстандықтардың ұсынысы бойынша жасалған көптеген қайырымдылық және волонтерлік жобалар – соның дәлелі.

Қайырымдылыққа тікелей және жанама түрде атсалысатын адамдардың саны тұрақты артып келе жатқанын көріп отырмыз. Қызметкерлердің волонтерлік жұмысын еңбек кітапшасына міндетті түрде тіркеу туралы шешім қабылданды. Бұдан бөлек волонтерлікпен айналысқан жастарға университетке, колледждегі түсу кезінде бірқатар басымдық беріледі. Қазіргі таңда бұл жақсы нәтиже деп есептеймін. Баршаңыздың бұған елеулі үлес қосқандарыңыз сөзсіз, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

БОЛАШАҚ ПЕДАГОГТЕРДІ ШӘКІРТАҚЫСЫ ӨСТІ

Педагогикалық мамандықтарды оқып жатқан студенттердің шәкіртақысы 1 қыркүйектен бастап 42 мың теңге болды. Бұл туралы ҚР Білім және ғылым министрі Асхат Аймағамбетов Фейсбук желісінде хабарлады.



Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің мамыр айындағы отырысында білім мен ғылымды дамыту мәселелері негізгі тақырып болды. Отырыс қорытындысы бойынша Мемлекет басшысы Қ. Тоқаев білім және ғылым жүйесі үшін маңызды тапсырмалар берді. Мысалы, педагогикалық мамандықтарға түсетін абитуриенттерге қойылатын талаптарды арттыру және стипендия мөлшерін 42 мың теңгеге дейін ұлғайту тапсырмасы берілді деген ол былтыр студенттердің шәкіртақысы Президент тапсырмасымен 21 мың теңгеден 26 мың теңгеге артқанын жеткізді.

«Өткен жылы стипендия мөлшері 21 мың теңгені құраса, Президенттің тапсырмасынан кейін желтоқсан айында 26 мың теңгеге дейін өсті. Ал 1 қыркүйектен бастап болашақ педагогтердің стипендиясы 42 мың теңгеге дейін ұлғайту тапсырмасы берілді» деген ол былтыр студенттердің шәкіртақысы Президент тапсырмасымен 21 мың теңгеден 26 мың теңгеге артқанын жеткізді.

Министрдің айтуынша, биыл маусым айынан бастап педагогикалық мамандықтарға түсу үшін шекті балл бірден 70-ке дейін көтерілген.

«Педагог мәртебесі туралы» Заңды қабылдаудың және атқарылған шаралардың арқасында биыл «Алтын белгі» тесбелгісі иегерлерінің арасында педагогикалық мамандықты таңдағандар саны 1,7 есе өсіп, ал көптеген бағыттар бойынша орташа балл 100 балдан асқан.

Егер бірнеше жыл бұрын педагогикалық мамандыққа түсушілердің орташа балы 65-ті құраса және педагог мамандығын түлектер арасында көп сұранысқа ие болмаса, қазір жоғары балл жинаған мықты түлектер педагогикалық бағыттар бойынша оқуға түсе бастады, – дейді министр.

Сондай-ақ ҰҚСК қорытындысы бойынша берілген тапсырмалар аясында докторанттардың стипендиясы 102 мыңнан 150 мың теңгеге дейін өсті. Мұндай шара жас ғалымдарды қолдау үшін өте маңызды, өйткені докторанттардың отбасылары бар және олар өз зерттеулерін жүргізумен айналысады.

Бұдан бөлек 2020 жылғы қыркүйек айынан бастап мемлекеттік гранттың құны айтарлықтай өсті. Бұл неге маңызды? Бұл жоғары оқу орындарына оқытушылардың жаалақысын арттырып, материалдық-техникалық базасын нығайтуға мүмкіндік береді, – деп жазды Асхат Аймағамбетов.

Министр Президенттің Ұлттық қоғамдық сенім кеңесінің қорытындысы бойынша берген тапсырмаларының барлығы ерекше бақылауда және белгіленген мерзімде орындалатынын жеткізді.

ҚАЗАҚСТАНДЫҚ БАНКТЕР НЕСИЕНІ ҚАШЫҚТАН БЕРЕ БАСТАЙДЫ

Қазақстан Ұлттық банкі биылғы 1 қазаннан бастап қаржылық қызметтерді қашықтан алу үшін биометриялық сәйкестендіру сервисін пайдаланады.

Бұл сервис «бет-әлпетті тану» технологиясы арқылы қаржылық қызметті қашықтан алу мүмкіндігін көздейді. Яғни қаржы ұйымына барудың қажеті жоқ. Клиенттерге банк шоттары мен депозиттерді ашу, төлем карточкаларын шығару, кредиттеу сияқты қызмет түрлері көрсетіледі.

Қашықтан биометриялық сәйкестендіруді енгізу әлемдегі күрделі эпидемиологиялық жағдайдың аясында жаңа қауіп-қатерлерге жауап береді. Сервисті қаржы қоғамдастығының пайдалануы халыққа қашықтан көрсету тәсілімен ұсынылатын қызметтер тізімін кеңейтеді, – деді ҚР Ұлттық банкі төрағасының орынбасары Есжан Біртанов.

Атап өтілгендей, аталмыш сервис банктерге, сақтандыру компанияларына, бағалы қағаздар нарығының кәсіби қатысушыларына, төлем және микроқаржы ұйымдарына қолжетімді.

Сервисті Ұлттық банк қаржы нарығына қатысушылармен бірлесіп әзірледі. Жүйе ағымдағы жылғы сәуірде пилоттық режимде іске қосылды. Осы уақыт ішінде сервис екінші деңгейдегі 11 банкке халыққа 2,8 млн банк қызметін көрсетуге мүмкіндік берді. ҚР Ұлттық банкі іске асыратын қашықтан сәйкестендіру тетігі Қазақстанның қаржы секторын цифрландыру жолындағы тағы бір қадам болып табылады. СДАО сервисіне қосылуға мүдделі болған жағдайда, қаржы нарығына қатысушылар +7-7272-50-66-26 телефоны бойынша КБЕО-ға өтініш бере алады, – делінген Ұлттық банк ақпаратында.

Жүйенің операторы – Ұлттық Банктің еншілес ұйымы «Қазақстан банкаралық есеп айырысу орталығы» РМҚ.

ОҚУШЫЛАР ҮШІН ЖАҢА МӘДЕНИ-БІЛІМ БЕРУ ЖОБАСЫ ӨЗІРЛЕНДІ

ҚР Мәдениет және спорт министрлігі 2020 жылғы қазан айынан бастап мектеп оқушыларының адамгершілік және рухани тұрғыда дамуына бағытталған «Ұлағатты ұрпақ» мәдени-білім беру жобасын іске қосады.

Ведомство мәліметінше, бағдарлама ұзақтығы 10-15 минуттан тұратын 1-11 сынып оқушылары үшін бейне-дәрістер түрінде әзірленді. Балалар үйден шықпай-ақ Қазақстанның киелі жерлеріне виртуалды түрде саяхаттай алады. Сондай-ақ опера, балет, драма өнерінің озық үлгілерін көріп, қазақстандық және шетел кинофильмдері мен мультфильмдерін тамашалап, әсем музыкалық шығармаларды тыңдай алады.

Оқушыларға pttmiga.kz сайтында музыкалық өнер, театр өнері, кинематография, бейнелеу өнері және Киелі Қазақстан атты 5 бағыт бойынша қазақ және орыс тілдерінде барлық білім беру бейне-дәрістеріне еркін қол жеткізуге мүмкіндік беріледі.

Әр бейне-дәрістің соңында оқушылар үш сұраққа жауап бере отырып, өздерін тексере алады. Балалардың ерікті түрде қатысуы осы жобаның қағидадағы шарты саналады. Оқу жылының соңында тест сұрақтарына дұрыс жауап беріп, жоғары ұпай жинаған ең белсенді қатысушыларды сыйлықтар мен жағымды тосынсыялар күтеді.

Осындай деңгейдегі жоба жас және жаңа білімге құмар ұрпақ үшін бағдар береді, еліміздің сенімді азаматтарын тәрбиелеуге көмегін тигізеді және жігерге толы жас жүректерді жаулап алады деген сенімдеміз, – деп атап өтті ұйымдастырушылар.

ҚОҒАМДЫҚ ТЫҢДАУ

АЙМАҚТАҒЫ ЭКОЛОГИЯЛЫҚ АХУАЛ – БАСТЫ НАЗАРДА

(Соңы. Басы 1-бетте)

– Жезқазған мыс балқыту зауыты 2018-2022 жылдары жаңа күкірт қышқылы цехын салу және іске қосуды жоспарлаған. Бұл күкірт диоксидінің шығарындыларын 40 мың тоннаға азайтуға көмектеседі. Байыту фабрикасы бойынша ластанудың негізгі себебі консервацияланатын қалдық қоймасының еңістері. Еңістерді қосыту қажет, бетін суару, бөгеттің шеттерін нығайту қажет, – дейді вице-министр Ахметжан Пірімқұлов.

Қоғамдық тыңдауда баяндама жасаған «Қазакмыс» корпорациясы басқармасы төрағасының орынбасары, «Kazakhmys Smelting» ЖШС Бас директоры Әділет Барменқұлов корпорацияның атмосфераға зиянды шығарындылар деңгейін айтарлықтай төмендетуге мүмкіндік беретін жоспарлары туралы кеңінен айтты берді.

Біз үнемі экология мәселелерімен айналысамыз. 2008 жылы Балқашта күкірт қышқылы цехы салынды, ол шығарындыларды 720 мың тоннадан 128 мың тоннаға дейін төмендетуге мүмкіндік берді. 2017-2019 жылдары корпорация қоршаған ортаны қорғау бойынша жоспарлы іс-шараларды жүргізуге 12,2 миллиард теңге жұмсады. Қазіргі уақытта Жезқазған мыс балқыту зауытындағы күкірт қышқылы цехының құрылысына экологиялық әсермен қосарылған жанасудың озық технологиясын қолдану арқылы жобалық құжаттама әзірленуде. Бұл күкірт диоксидінің шығарындыларын жылына 40 мың тоннаға азайтуға көмектеседі, – деді Әділет Барменқұлов.

Алайда ол мұндай цехтарды іске қосу үлкен шығын екенін мойындады. Сонымен қатар компания мыс концентратын өңдеу құнының төмендеуіне байланысты экономикалық қиындықтарға тап болған. Екі қаладағы мыс балқыту зауытын жабу корпорация үшін арзанға түсер еді. Дегенмен «Қазакмыс» Жезқазған мен Балқаш тұрғындарының басым бөлігін жұмыспен қамтып отырған өңірдегі қала құра-

ушы кәсіпорын болғандықтан, бұл тәуекел тиімсіз болмақ.

Біз бұл мәселені шешу үшін ғалымдарды шақырдық. Күкірт қышқылы топыраққа тыңайтқыш ретінде пайдалану мүмкіндігі бар. Әрине, зауыттарды жабу экономикалық тұрғыдан орынды болар еді. Бірақ біз өз қызметкерлеріміз бен мемлекет алдындағы жауапкершілікті түсінеміз. Жезқазған мен Балқашта мындағы отбасы табысыз қалады. Сондықтан біз бұл мәселені барлық адам үшін ауыртпалықсыз шешіміз келеді және мемлекеттің қолдауы мен халықтың түсіністігіне үміттенеміз, – деді Әділет Барменқұлов.

Бұл ретте аймақтағы өндіріс нысандарының көп уақыттан бері жұмыс істеп келе жатқан, технологиялық тұрғыда біршама ескіргені де айтылмай қалмады.

– Жезқазған мыс қорыту зауытында 30 жылдан астам уақыт бұрын пайдалануға берілген күкірт-қышқыл цехы жұмыс істейді. Жабдық тозған және түтін газдарын күкіртті ангидридтен толық тазартуды, сондай-ақ оны тауарлық күкірт қышқылына толық қайта өңдеуді қамтамасыз етпейді. Жаңа цехтың құрылысын жеделдету қажет, – деді вице-министр.

Экология вице-министрі «Қазакмыс Смэлтинг» ЖШС тесілі Балқаш мыс қорыту зауытының басшылығына да осындай ұсыныс жасады.

Бұл кәсіпорында ескірген тазалау жабдықтары қолданылады және бұл жергілікті тұрғындар мен экологтардың наразылығын тудырады. Оның тозғанын ескере отырып, тазарту цехын жаңғырту, сондай-ақ жаңа күкірт-қышқыл өндірісін салу туралы мәселені қараған жөн, – деді Ахметжан Пірімқұлов.

Корпорация басшылығы бүгінде мәселені шешудің бірнеше жолдарын қарастырып жатқан көрінеді.

Біз 5 университеттің сарапшыларын қатыстырдық, ғылыми топ құрылды және зауыттарды жаңғыртудың 2 жоспары әзірленді. Біріншісі – өндірісті жылына 500 мың тонна мысқа дейін арттыра оты-



рып, жұмыс істеп тұрған қуаттарды жаңғырту. Жобаның құны – 900 миллион теңге. Екінші жоспар – екі ескі зауыттың орнына жаңа мыс балқыту зауытын салу. Ол бізге 1,8 миллиард теңге тұрады. Қазір біз бұл нұсқаларға қатысты нақты бір шешімге келген жоқпыз, – деді «Қазакмыс Смэлтинг» ЖШС Бас директоры Әділет Барменқұлов.

Қоғамдық тыңдау барысында ҚР Денсаулық сақтау вице-министрі Ажар Ғыният өңірдегі медицина мекемелерінің жұмысы туралы баяндады.

Қарағанды онкологиялық аурулардың анықталу көрсеткіші бойынша республикада алдыңғы бестікке енеді. Былтырғымен салыстырғанда биылғы көрсеткіш 2 пайызға өсіп отыр. Онкологиялық аурулардан қайтыс болу оқиғалары былтырғы көрсеткіштен 10 пайызға төмендеді. Онкологиялық аурулардан қайтыс болғандардың ішінде өкпе рагы бірінші орында тұрса, асқазан қатерлі ісігі, тоқ ішек қатерлі ісігі одан кейінгі орындарды иеленеді. Жалпы бұл белгілер республикалық көрсеткіштерге де сай келеді. Онкологиялық ауруларды анықтау көрсеткішінің артуына ең алдымен скринингтік тексерулердің сапалы жүруі мен КТ, МРТ сияқты зерттеулердің қолжетімділігі себеп болып отыр. Сонымен бірге емханалардың қызметкерлері де халық арасында түсіндіру жұмысын белсенді жүргізуде. Бұл да өз кезегінде онкологиялық ауруларды ерте сатыда анықтауға мүмкіндік береді, – деді вице-министр.

Вице-министр Жезқазғандағы онкологиялық диспансердің жабылуы мен бұрынғы уақыттағы онкологиялық ауруларды емдеу жұмысына қатысты да түсінік берді.

Жомарт ТАЙМАС

Infographic titled 'Жолдауы 2020' with sections on 'ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ' and 'Экономикалық әртарапандыру ісінің жеткіліксіздігі және бағамның тым құбылмалылығы шетелден инвестиция тартуға кедергі келтіріп отыр. Бұл, әсіресе, шикізаттық емес секторда айқын сезіледі.'

ФИЛИАЛ ТӨРАҒАСЫ САЙЛАНДЫ

Қалалық әкімдіктің мәжіліс залында өткен «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалының кезектен тыс XXVIII конференциясына бастауыш партия ұйымының мүшелері онлайн қосылу мүмкіндігіне ие болды. Конференция жұмысына партияның Саяси кеңес мүшесі, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты, «Nur Otan» партиясының «Қазакмыс» корпорациясы жанындағы Қарағанды филиалы төрағасының бірінші орынбасары Бауыржан Шығысов, БАҚ өкілдері қатысты. Қалалық мәслихаттың хатшысы, филиалдың саяси кеңес бюросының мүшесі Советбек Медебаев ашқан конференция күні тәртібінде қаралған алғашқы мәселе – «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасын сайлау.



резервінен, 5 адам өзін-өзі ұсыну арқылы тіркелді. Үміткерлердің 26-сы ер адам, 8-і – әйел. Жасы бойынша 35 жасқа дейін 7 адам, 36-50 жас аралығында 17 және 50 жасан асқандар – 10. Ұлты бойынша қазақтар – 32, орыстар – 2. 29 тамыз бен 6 қыркүйек аралығында үгіт-насихат жұмыстарын жүргізген кандидаттар 15-29 қыркүйек аралығында өткен пікір сайысына қатысты.

1-2 қазан аралығында дауыс беру өтеті. Дауыс беру «Праймериз-2020» сайты мен мобильді қосымшасы арқылы

Өз тіліміз

АҚПАРАТТЫҚ-АҒАРТУШЫЛЫҚ ШТАБ МҮШЕЛЕРІ мемлекеттік қызметшілермен кездесті

ҚР сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қарағанды облысы бойынша департаменті жанынан құрылған ақпараттық-ағартушылық штаб төрағасы Бекзат Алтынбеков бастаған топ мүшелері ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясының Қарағанды облысы бойынша филиалының оқытушысы Алтынай Сүлейменова мен осы штабтың Жезқазғандағы бөлімшесінің жетекшісі Светлана Жумкина мемлекеттік қызметшілермен кездесті. Ондағы мақсат – сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, құқықтық сауаттылықты арттыру.

– Ел дамуын тежейтін сыбайлас жемқорлық ғасыр индетіне айналып отыр. Күрес күшейгеніне қарамастан оның тамыры теренге жайылған. Бүгінде жемқорлық қылмысы бойынша денсаулық сақтау мен құрылыс саласы көш бастап тұр. Биыл осы екі салада 7 факті анықталған. Жыл басынан Қарағанды облысы бойынша 68 жемқорлық фактісі тіркелген. Оның 23-і сотқа жолданып, 42 іс бойынша тергеу амалдары басталған. Қылмысы дәлелденген 8 азамат сотталды, – деп жиынды бастап берген Бекзат Қомарұлы сегіз ай ішінде 1424 нөміріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің Call-орталығына 37 шағым түскенін жеткізді. Естеріңізге сала кетсек, 1424 бірінші нөмірі бойынша ел азаматтары жемқорлық фактілері туралы хабарлап, сыйақы алу мүмкіндігіне ие. 2020 жылы Қарағанды облысының 8 тұрғынына жалпы сомасы 1 млн 700 мыңнан аса көтермелеу сыйақысы берілген. Пара мөлшері 1000 АЕК асқан жағдайда бір тұрғынға мемлекеттен 750 мың теңге көлемінде сыйақы беріледі.

қүрестің жаңа тәсілдерін енгізуді, сондай-ақ азаматтардың лайықты өмір сүруіне жағдай жасау жолында жемқорлыққа қарсы күресті күшейтуді тапсырды. «Сыбайлас жемқорлыққа қатысты қылмыс жасағандарға шартты түрде мерзімінен бұрын босату шарасы қолданылмайды. Жемқорлықпен ұсталғандардың мемлекеттік қызметте және квазимемлекеттік секторда жұмыс істеуіне өмір бойы тыйым салатын қағида қатаң сақталуы керек» деген Президенттің сөзінен жемқорлыққа барғандарға қолданылатын жазаның қатаңдатылатынын аңғаруға болады, – деді де мемлекеттік қызметкерлерді ашық әңгімеге шақырды. Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыбайлас жемқорлыққа қарсы стратегиясын төңірегінде пікір алмасқан жиын қатысушылары заңсыз сыйақы алғандар қылмыстық кодекстің 247-бабы бойынша жауапқа тартылатынын хабарлар болды. «Үстазға берген бір қорап көмпиттің өзі – пара. Өзіңнің ғана емес, өзгенің де басын бәйгеге тігуден аулақ болыңыздар», – деген Алтынай Сүлейменова өз сөзін сыбайлас жемқорлықпен күресу әрбір азаматтың міндеті екенімен түйенді.

Кездесу соңында ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы көзқарас пен мәдениеттің қалыптастыруға үлес қосуға дайын екенін атап өтіп, ақпараттық-ағарту штабы өкілдеріне алғыс білдірді.

Диана ОРАЗАЛПИНА

БРИФИНГ АУЫЛДА ЖАҒДАЙ ТҰРАҚТЫ

Коронавирус инфекциясына байланысты енгізілген карантин талаптары біртіндеп жеңілдетілгеніне қарамастан босаңсуға әлі де болмайды. Өйткені, індеттің екінші толқыны бар екенін алға тартқан зерттеушілер коронавирус қазан мен қарашада белең алуы мүмкін деп топшылап отыр. Сондықтан, індеттің алдын алу мақсатында сақтық шаралары тоқтатмауы керек. Бүгінде Кенгір селолық округіндегі эпидемиологиялық ахуал мен алдын алу жұмыстары бойынша «Дидар» телеарнасының баспасөз клубында ауыл әкімі Қанағат Жанпейісов брифинг өткізді.



қашықтан жүргізіліп жатқанын жеткізді. Теректі стансасының №6 мектебінде 3 кезекші сынып ашылған. Мектепалды даярлық сыныбында 8 оқушы, 1 сыныпта 6 оқушы, 2 сыныпта 5 оқушы, 3 сыныпта 12 оқушы, 4 сыныпта 8 оқушы дәстүрлі түрде білім алуа. Кенгір ауылының №2 мектебінде 13 кезекші сыныпта 148 бала оқуда. 15 оқушыдан аспайтын сыныптардың мұғалімдері мен оқушылар сақтық шараларымен жіті таныс және оларды қатаң сақтайды. Мектептердегі санитарлық қауіпсіздік шаралары барынша күшейтілген. Балалар тек бір кабинетте оқиды, үзілістер әр түрлі уақытта болады. Кіреберісте оқушылардың дене қызуы өлшенеді. Желдету, кварцтау және дымқыл тазарту режимдерін күшейтіліп, дезинфекциялық кілемше мен антисептиктер қойылған.

Кенгір ауылының медицина мамандары егде адамдарға, кішкентай балаларға, жүкті әйелдерге және созылмалы дерттері бар тұрғындарға тұмауға қарсы екпе салып жатқанын жеткізген Қанағат Жанпейісов сөз соңында маска тағу, әлеуметтік ара қашықтықты сақтау арқылы өзінің де, өзгенің де өмірін сақтап қалуға болатынын еске салды.

Өз тілшіміз

ЖҰМЫС САПАСЫНА – ҚАТАҢ ТАЛАП



жауапсыз мекемелер айыпшұл арқалады

Қаладағы әбден тозығы жеткен жылу, су құбырларының жаңартылғаны жақсы, әрине. Алайда, жұмысын мүлтіксіз атқарып жатқан мердігерлердің аздығы көптің ашуын туғызатыны болмаса. Бұған қала әкімі Қайрат Әбсаттаров жасаған рейд кезінде тағы бір рет көзіміз жетті.



Жылу желілерін жөндеу деп, жолды ойдым-ойдым еткен мердігерлердің мардымсыз жұмысына көңілі толмаған қала әкімі бақылау жұмыстарын «Жастар» саябағы маңынан бастады. №3 жылу магистралі жөндеген Холмещкий көшесінің бүгінгі сиқы көңіл қоншптейді. Асфальтті дүрыс төселмей, құмы бұрқырап жатқан аумаққа жауапты мердігер – «Құлагер» ЖШС. Ал жобаға тапсырыс беруші – «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ. Сондықтан жаза да алдымен сол кәсіпорынға қолданылмақ. «Жауапсыздар тиісті жазасын алуы керек» деген Қайрат Бектайұлы жергілікті полиция қызметіне аталған кәсіпорынға айыппұл салуды міндеттеді.

лерінде жөндеу жұмыстарын жасаған «Сервис НС» ЖШС де арқалады. Айыпшұл төлеуге міндеттелгендер бұнымен шектелмеді. Одан әрі үш бірдей нысандағы жұмыстарға жауапты «Молдашев» ЖК-ге хаттама толтырылды. Қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапанов әуелгіде Шевченко көшесі, 4 мекенжайында орналасқан қарғаусыз ғимараттың иесін құқық қорғау саласы қызметкерлері анықтап берді. Ғимараттың иесі Сұлтан Балаевқа аумақты ретке келтіруге кеңес берілді. Шевченко-Аманжолов көшесі қиылысындағы жолды тегістеу жұмыстары да сапасыз орындалыпты. Әйткенмен, «қазба» жұмыстарымен айналысуға құмар кәсіпорын мамандары өз кінәларын барынша мойындамай, табиғат құбылыстарының әсерінен деп ақталды. Абай мен Шевченко көшелерінің қиылы-

сындағы жүргіншілер жолының да жағдайы сынға ілікті. Мердігер «Молдашев» ЖК-ге тағы бір ескерту Абай-Байқоңыров көшесіндегі жұмысқа қатысты берілді. Онда көлік қозғалысы тоқтаған, көше қазылып жатыр. Алайда, ешқандай техникалық талап сақталмапты. Біріншіден, халыққа алдын ала хабарландыру айтылмаған, екіншіден аумақта ескерту және қоршау белгілері мүлде жоқ. Мердігер ме-

кеме өкілі бұл тапсырыс берушінің міндеті екенін алға тартты. Мұны тәртіп сақшылары растады. Қалалық құрылыс бөліміне бұған дейін де дәл осындай мәселе бойынша ескерту жасалғанымен, оңды жауап қайтпаған. Сондықтан бұл нысан бойынша айыпшұл құрылыс бөліміне тағайындалды. Сонымен қатар, «Ар компания», «Рокада А» ЖШС иелеріне де айыпшұл салынды.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН

Infographic titled 'ТЕҢГЕРІМДІ АУМАҚТЫҚ ДАМУ' (Regional Development) with three icons: 1. Iрі металлургиялық кәсіпорындар орналасқан өңірлерді дамытуға қатысты тиісінше қаржы керек. Осы өңірлер жоғары технологиялы, ғылымды қажет ететін өндірістің және техникалық қызмет көрсетудің орталығы бола алады. 2. Моноқалаларымызды дамыту ісіне тың серпін беру аса маңызды. Бұл ретте, қала құраушы кәсіпорындарға зор жауапкершілік жүктеледі. Олар барынша атсалыспаса, бұл міндет орындалмайды. 3. Ауылдың әлеуетін толық пайдалану – стратегиялық маңызды мәселе. Ауылдағы мейлінше өзекті мәселелерді шешуге арналған «Ауыл – ел бесігі» бағдарламасын жүзеге асыру жалғасатын болады.

Қайрат БАПАНОВ: ЖЫЛУ МАУСЫМЫ ІРКІЛІССІЗ ӨТЕДІ

Күздің қара суығы бойын мұздаған жезқазғандықтардың «Жылу қашан беріледі?» деген сауалының жауабын қала әкімінің орынбасары Қайрат Бапановтан білдік. Бүгін, яғни 2 қазанда №11 жылу магистралінен бастап берілетін жылу 10 қазанға дейін қаланың барлық аудандарын қамтымақ.



жауап береді», – деген әкім орынбасары үйлері пешпен жылынатын қала тұрғындарының қамын да ойластырылғанын жеткізді. Олар «Шұбаркөл» көмірінің тоннасын 15 500 теңгеден Жезқазған қаласы Степная көшесі, 1 мекенжайында орналасқан «Егітiт i К» ЖШС-нен сатып ала алады. Жалпы, есеп бойынша біздің қала 7 мың тонна көмірді қажет етеді. Бүгінде 600 тоннасын сатып алған жезқазғандықтар үшін кәсіпкердің қоймасында 2 мың тоннадан аса көмір қоры бар.

Жылу маусымына дайындық өз деңгейінде жүргізілгенін алға тартқан Қайрат Бапанов жезқазғандықтар қыста тоңбайды деп сендірді.

Диана ОРАЗАЛПИНА

МЕДИЦИНАЛЫҚ ҚЫЗМЕТ САПАСЫ ТЕКСЕРІЛЕДІ

Жезқазған азаматтарының денсаулығына бақылау жасап, оларды алаңдатқан негізгі түйткілді мәселелердің шешімін қарастыру жобасы аясында қаламызға экономика және денсаулық сақтау ғылымдарының магистрі Асель Рамазанова бастаған бір топ медицина саласының мамандары келді.

Алдымен әкімдік ғимаратының мәжіліс залында қала әкімінің орынбасары Зина Ақылбекованың берген бөлім басшыларымен кездескен ол жоба барысында бірлесіп жұмыстар атқаратын мамандарды таныстырып өтті. Қалалық емханадан бастап барлық ақ халаттылар еңбек ететін медициналық орталықтарға атбасын бұратын ғылымдар қатарында медицина ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің медицина және денсаулық сақтау факультетінің деканы Жанна Қалматаева, медицина ғылымдарының докторы, профессор, «Ерлер денсаулығы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Болат Шалекенов, медицина ғылымдарының кандидаты, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің медицина

және денсаулық сақтау факультетінің жанынан құрылған халық денсаулығымен айналысатын жоғарғы мектептің директоры Айнаш Өшпаева, PhD, эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасының меңгерушісі Салтанат Мамырбекова, экономикалық басқару ғылымдарының магистрі, «Инновациялық денсаулық сақтау» ғылыми-практикалық орталығының директоры Жазира Өтепбергенова және медицина ғылымдарының магистрі, эпидемиология, биостатистика және дәлелді медицина кафедрасының оқытушысы Жаная Нурғалиева бар. – Біздің жұмыс сапарымызды қандай да бір тексеріспен шатастырмауларымызды сұраймыз. Жезқазғанға келуіміздің басты себепі – халықтың жан айқайына құлақ



түріп, алаңдатқан мәселелерді шешудің жолын қарастыру. Әрине есеп-қисап құжаттарын тексереміз. Онсыз жұмыс нәтижелі болмайтыны анық. Бізге берілген уақыт тым аз. Десе де, осы уақыт ішінде бар күш-жігерімізді жұмсап, тынбай зерттеу жүргіземіз», деген Жанна Қалматаева Жезқазған тұрғындарын жүргізіліп жатқан сауалнамаға да белсенді қатысуға шақырды.

Оның айтуынша бүгінде 27 сұрақтан тұратын онлайн сауалнамаға 1300 ғана жезқазғандық қатысқан. Аталған көрсеткіш бойынша Балқаш қаласынан артта қалған тұрғындарды барынша белсенді болып, адам денсаулығына қатысты мәселелерді шешуде белсенділік танытуларын сұрады.

Ақинет ТАҒЫБЕРГЕН



«ТӨРТ БОСАҒА» ТӨРГЕ ШЫҚТЫ

«Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС-нің қолдауымен «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігі Алтын Орданың 750 жылдығы аясында айтарлықтай ауқымды шаралар ұйымдастырғаны белгілі. Жақында корпорацияның мәжілісі залында осы рухани жобаның қорытындысына арналған «Ұлытауым – Ұлы дала киесі» атты салтанатты жиын өткізілді. Оған ел бірлігі мен тұтастығын сақтауға өмісүзсіз үлесін қосып, ел жабында «Базаналының төрт босағасы» ретінде өшпей сақталып қалған Бабыр би, Кәдір би, Шегір би және Саидыбай батыр сияқты тұлғалардың ұрпақтары, өңірдің зиялы қауым өкілдері мен ақындар мүшәйрасында жеңімпаз болған ақындардың бір тобы қатысты.



Салтанатты жиын тізгінін ұстаған «Қазақмыс» корпорациясы» ЖШС әлеуметтік-енбек қатынастары басқармасының Жезқазған аймағы бойынша басшысы Сабыржан Тембаев ежелгі Алтын Орда мемлекеті мен қазақ хандығының Ұлы мекені болған Ұлытаудың қасиеті, ел бірлігі жолындағы Төрт босаға атанған тұлғалардың өнегелері жайлы айта келіп, осы игі істерді жүзеге асыру барысында үш кітаптың жарық көріп отырғанын қуана жеткізді. Алғашқы сөз кезегін үлкен жобаның қолға алынғанына тікелей ұйтқы болған «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Төлеген Бүкіровка берді.

– Еліміздегі індетке байланысты бұл шараны ойға алғандай кең көлемде ұйымдастыруға шектеу жасауға тура келді, – деп



ді. Сондай-ақ, бәйге шартына сай тиісті жүделі орындары берілді. Өлеңдер жинағы Алматыдағы «Орхон» баспа үйінен кітап болып шықты. Екінші шарамыз Алтын Орданың 750 жылдығына арналған «Қазақ жеріндегі саяси-құқықтық мемлекеттердің қалыптасу тарихы» атты республикалық ғылыми-теориялық конференция болатын. Еліміздің көптеген белгілі ғалымдары мен зерттеушілері конференцияға ғылыми мақалаларын жолдаған болатын. Ол мақалалар да көлемді жинақ болып баспадан шығып отыр. Үшінші жобамыз – «Төрт босаға» басқару жүйесі туралы Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі, белгілі қаламгер Батырбек Мырзабеков жазған «Аманат» романы. Шара барысында осы кітаптың тұсаукесері болады, – деп Т.Бүкіровка мүшәйра жінімпаздарына сертификаттарын тапсырды.

Мүшәйрада кімнің қандай орын алғаны туралы газетімізде бұған дейін жария болғандықтан ол туралы қайталамай-ақ қояйық. Қазіргі шектеу ахуалына орай сырт өңірдегі ақындар келе алған жоқ. Сөз кезегін алған «Қазақмыс» корпорациясы «Кәсіп Қорған» кәсіподағының төрағасы Ерболат Сатыбалдин жақсы жобаның ойдағыдай жүзеге асқанына сүйсінісін біл-

діріп, бірді-екілі ақынға өз тараптарынан тағайындаған жүделі табыстады. Игі істің ұйтқысы болып, айтарлықтай еңбек сіңірген «Қазақтың Кетбұқасы» қоғамдық бірлестігінің басшысы Төлеген Бүкіровка пен жазушы Батырбек Мырзабековке шапан жабылып, құрмет көрсетілді. Өз кезегінде «Аманат» романын жазған қаламгер Б.Мырзабеков XIX ғасырда өмір сүрген Саидыбай батыр Төлеқұлы, Кәдір би Түрікпенбайұлы, Шегір би Шалабайұлы, Бабыр би Бөкентіңі және Ерден сұлтан Саидыбайұлы туралы жазу барысында архив деректеріне барып-шығуға ден қойғанын ортаға салды. «Төрт босаға» атауымен таңымал болған бұл тұлғалардың аймақ жұртшылығының тағулықты ту етіп, ел бірлігін сақтаудағы, дау-ламайды әділдіктен шешудегі еңбектері ересен. Сол кезеңнің қилы-қилы оқиғалары да қызықты қамтылған. Жыныға қатысушылар арасынан да кітап туралы жақсы пікірлер айтылды. Салтанатты шара «Аманат» кітабының тұсаукесеріне ұласты. Сөйтіп Ұлытау өңірінің «Төрт босағасы» төрге шықты.

Амандық РАХУЛЫ

СОТ ЖҮЙЕСІ

КӘМЕЛЕТКЕ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ӘКІМШІЛІК ЖАУАПТЫЛЫҒЫ

Кәметекке толмағандардың әкімшілік жауаптылығы әкімшілік құқық бұзушылық жасалған кезде он алты жасқа толған, бірақ он сегіз жасқа толмаған адамдар осы тараудың күші қолданылатын кәметекке толмағандар деп танылады.

Әкімшілік құқық бұзушылық жасаған кәметекке толмағандарға тәрбиелік ықпал етудің мөжбүрлеу шаралары қолданыла отырып, әкімшілік жаза тағайындалуы мүмкін. Кәметекке толмағандарға әкімшілік жазалар қолданудың ерекшеліктері кәметекке толмаған адамға салынатын әкімшілік айыппұлдың мөлшері осы Кодекстің ерекше бөлімінің бабында көзделген айыппұл мөлшеріне қарамастан, айлық есептік көрсеткіштің бестен бір бөлігінен кем болмауға және он айлық есептік көрсеткіштен аспауға тиіс.

Айыппұл кәметекке толмаған адамға бар мүлкінің есебінен төленеді. Кәметекке толмаған адамның айыппұл төлеуге жеткілікті мүлкі болмаған жағдайда, айыппұл ата-анасына немесе олардың орындайтын адамдарға салынады. Арнаулы құқықтан айыру кәметекке толмағандарға бір жылдан аспайтын мерзімге қолданылуы мүмкін. Әкімшілік жазалардың басқа да түрлері (әкімшілік қамауға алу, қоспағанда), сондай-ақ ҚР ӘҚБтК-тің 45 және 57-баптарында аталған әкімшілік-құқықтық ықпал ету шаралары әкімшілік құқық бұзушылық жасауда кінәлі кәметекке толмағандарға жалпы негіздерде қолданылады.

Кәметекке толмаған адамға әкімшілік жаза қолдану ҚР ӘҚБтК-тің баптарында көзделген мән-жайлардан басқа, кәметекке толмаған адамға әкімшілік жаза қолданған кезде оның өмір сүру және тәрбиелену жағдайлары, психикалық даму деңгейі, жеке басының өзге де ерекшеліктері, сондай-ақ оған жасы үлкен адамдардың әсер етуі ескеріледі. Кәметекке толмаған жас, басқа да жеңілдететін және ауырлататын мән-жайлармен жиынтықта жеңілдететін мән-жай ретінде ескеріледі.

Кәметекке толмағандарды әкімшілік жауаптылықтан және әкімшілік жазадан босату әкімшілік құқық бұзушылықты бірінші рет жасаған кәметекке толмаған адамды сот, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі қа-

рауға уәкілетті орган (лауазымды адам) оған заңдарда көзделген тәрбиелік ықпал ету шаралары қолдана отырып, әкімшілік жауаптылықтан немесе тағайындалған әкімшілік жазаны орындаудан босатуы мүмкін.

Тәрбиелік ықпал ету шаралары:

1. Кәметекке толмаған балаға тәрбиелік ықпал етудің мынадай шаралары тағайындалуы мүмкін:
 - 1) заңды түсіндіру;
 - 2) ата-аналарының немесе олардың орнындағы адамдардың немесе мамандандырылған мемлекеттік органның қадағалауына беру;
 - 3) келтірілген зиянның есебін толтыру міндетін жүктеу;
 - 4) бос уақытын шектеу және кәметекке толмаған баланың мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеу.
2. Кәметекке толмаған балаға бір мезгілде тәрбиелік ықпал етудің бірнеше шаралары тағайындалуы мүмкін.
3. Осы баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген тәрбиелік ықпал ету шаралары қолдану мерзімі үш айға дейінгі уақытқа белгіленеді.
4. Кәметекке толмаған бала осы баптың бірінші бөлігінің 4) тармақшасында көзделген тәрбиелік ықпал ету шаралары жүйелі түрде орындамаған жағдайда, мамандандырылған мемлекеттік орган, егер осы Кодекстің 703-бабының 1-тармағында белгіленген ескіру мерзімі өтпеген болса, бұл шараның күшін жою және кәметекке толмаған баланы әкімшілік жауаптылыққа тарту мәселесін шешу үшін материалдарды сотқа ұсынады.

Тәрбиелік ықпал ету шараларының мазмұны:

Заңды түсіндіру кәметекке толмаған адамға оның әрекетімен келтірілген зиянды және осы Кодексте көзделген құқық бұзушылықтарды қайталап жасаудың заңдық салдарын түсіндіруден тұрады.

Қадағалауға беру ата-аналарға немесе олардың орнындағы адамдарға, не мамандандырылған мемлекеттік органға кәметекке толмаған адамға тәрбиелік ықпал ету және оның мінез-құлқына бақылау жасау жөніндегі міндеттерді жүктеуден тұрады.

Келтірілген зиянды жөнге келтіру міндеті кәметекке толмаған адамның мүлкінің жағдайы мен тиісті еңбек дағдыларының болуы ескеріле отырып жүктеледі.

Бос уақытын шектеу және кәметекке толмаған адамның мінез-құлқына ерекше талаптар белгілеуі бір орындарға баруға, бос уақытын өткізудің белгілі бір нысандарын, оның ішінде көлік құралдарын пайдалануға, тәуліктің белгілі бір уақытынан кейін үйден тыс жерлерде болуға, кәметекке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның рұқсатынсыз басқа жерлерге кетуге тыйым салуды көздеуі мүмкін. Кәметекке толмаған адамға қатысты құқық бұзушының мінез-құлқына осы Кодекстің 59-1-бабында көзделген ерекше талаптар белгіленуі, сондай-ақ, оқуды аяқтау не кәметекке толмағандардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссияның көмегімен жұмысқа тұру талабы қойылуы мүмкін. Бұл тізбе осымен шектелмейді.

Ескіру мерзімдері ҚР ӘҚБтК-тің 69-бабында көзделген ескіру мерзімдерінің кәметекке толмағандарды әкімшілік жауаптылықтан немесе әкімшілік жазаны орындаудан босату кезінде жартысы қысқартылады.

Кәметекке толмаған адам әкімшілік жазаға ұшырады деп есептелетін мерзім өзіне әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылған кәметекке толмаған адам осындай жазаға әкімшілік жаза қолдану туралы қаулының орындалуы аяқталған күннен бастап алты айдың ішінде ұшырады деп есептеледі.

**Жасулан БЕКМАҒАНБЕТ,
Қарағанды облысының
№ 2 кәметекке толмағандардың істері
жөніндегі мамандандырылған
ауданаралық сотының бас маманы –
сот мәжілісінің хатшысы**

ҚҰҚЫҚ

«БОРЫШКЕР» ЖЕДЕЛ ШАРАСЫ ӨТТІ

Үш күн бойы Жезқазған қалалық прокуратура өкілдері жол сақшылары мен сот орындаушыларымен бірлесіп «Борышкер» жедел алын алу шарасын өткізді.

Облыс көлемінде өткен шараның басты мақсаты – төленбей жүрген айыппұлдарды өндіру. Қолымен жасағанды мойнымен көтеріп, айыппұлды өз еркімен төлеуден қашқан жүргізушілер баршылық екен. Үш күннің өзінде жол полициясының қызметкерлері жолда жүру ережесін бұзып, айыппұл арқалаған 30 азаматты анықтады. Салынған әкімшілік айыппұлдарды дер кезінде өтеу қажеттігі жөнінде түсініктемесі берген алдын алу шарасының ұйымдастырушылары жол ережесін бұзғаны үшін салынған айыппұлды жеңілдікпен өтеуге болатынын да еске салды.

– Құқық бұзушылық оқиғасы автоматты режимде жұмыс жасайтын арнайы құрал жабдықтарсыз анықталған жағдайда жүргізуші жеті күннің ішінде айыппұлдың тек жартысын төлеумен шектеле

алады. Берешегін өтеуден жалтарып жүрген борышкерлерге заң аясында автокөліктерін айып тұрғына қою және мемлекеттік белгілерін алу сынды шаралар қолданылады. – Жезқазған қалалық прокуратурасының прокуроры Фатима Арқабаева «Борышкер» жедел алын алу шарасы кезінде бір жүргізушінің көлігі айып тұрғына қойылғанын айтты.

– Алдын алу шарасы кезінде жыл басынан 14 рет жолда жүру ережесін бұзған жүргізушіні тоқтаттық. Ол бүгінге дейін сол айыппұлдың екеуін ғана төлеген. Бұған дейін жасалған ескертулерді назарға алмаған жүргізушінің көлігін айып тұрғына қоюға мөжбүр болдық. Борышкер екінші күні 12 айыппұлды төлеп, көлігін алып кетті. «Борышкер» жедел алын алу шарасы әлі де жалғасатын болады, – делі прокурор.

Өз тілшіміз

COVID-19

БІЛУ МАҢЫЗДЫ

COVID-19 індетінің таралуын бақылай отыра, көптеген сарапшылар әлем тұрғындарының басым көпшілігі ерте ме, кеш пе коронавирусты жұқтырады деп есептейді. Бұл жұқпа кәдімгі тұмау сияқты маусымдық болып қалуы мүмкін. Егер жұқтыру мәселесі тек уақыт енішінде болса, онда одан қашым құтылудың жолдарын ойластырмай, керісінше оған қалай дайындалу керек екенін ойлау қажет. Жауынның кім екенін білу маңызды.

Вирус сипаттамасы қандай?

Вирус – қорғаныш нәруыздық қабығына оралтылған генетикалық кодтың кішкентай үзіндісі. Оның бөлшектері соншалықты кішкентай болғандықтан, оны қарапайым микроскоппен көру мүмкін емес. Жаңа коронавирустың 100 млн көшірмесі иненің ұшына оңай орналасады. Вирустың кішкентай мөлшері одан қорғану қиыншылығының бірден-бір себепшісі болып табылады. Жөтел кезінде инфилтрленген науқастан майда тамшылар жан-жаққа тарайды, олардың әр тамшысында миллиардтаған вирус бөлшектері болуы мүмкін. Вирус жасушаға енген соң оны қалыпты нәруыздардың орнына өз көшірмесін өндіруге мәжбүрлейді. Осылай жұқтыру үрдісі жүзеге асады.

COVID-19 негізгі клиникалық белгілері қандай?

COVID-19-дың ең жиі тараған белгілеріне дене қызуының жоғарылауы, құрғақ жөтел және шаршағыштық жатады. Сирек белгілеріне буын мен бұлшықеттердегі ауру сезімі, мұрынның бітуі, бас ауруы, конъюнктивит, тамақтың ауруы, диарея, ііс және дәм сезудің жоғалуы, саусақтар мен бармақтар терісіннің түсінің өзгеруі мен бөртпелерді жатқызуға болады. Бұл белгілер біртіндеп дамиды және айқын болмайды. Кейбір инфилтрленген адамдарда ауру жеңіл клиникалық белгілермен өтеді. Науқастардың басым көпшілігі (80% жуығы) ауруханаға жатықудың қажеттілігінсіз кенеттен жазылып кетеді. Бес жағдайдың бірінде COVID-19 ауруы ауыр түрде, яғни тыныс алу жеткіліксіздігінің дамуымен өтеді. Егде жастағы адамдарда және жоғары артериалды қан қысымы, өкпе мен жүректің аурулары, қант диабеті, рак сияқты қосалқы аурулары бар адамдарда аурудың ауыр түрде өтуі мүмкіндігі өте жоғары. Бірақ COVID-19-ды кез келген адам жұқтыруы және ауыр түрде науқастануы мүмкін.

Егер менде COVID-19 белгілері болса не істеуім қажет және қай уақытта медициналық көмекке жүгінуім керек?

Егер сізде жеңіл жөтел немесе дене қызуының сәл жоғарылауы сияқты белгілер болса, онда медициналық көмек қажет емес. Үйіңізде өздігінен оқшауланып, белгілердің дамуын бақылаңыз. Егер енгіту немесе кеуде аймағында ауру сезімі сияқты белгілер анықталса, онда тез арада медициналық көмекке жүгіну керек. Дәрігерге телефон арқылы хабарласқан жөн, бұл оның сізді мамандандырылған емдеу мекемесіне жіберуіне мүмкіндік береді.

Вирусты жұқтырған не жұқтырмағаны белгісіз болған жағдайда өзінді қалай қорғау керек?

Өзінді және айналадағы адамдарды қорғаудың ең жақсы тәсілі – қолдың гигиенасы мен респираторлық гигиенаны қатаң түрде сақтау. Айналадағы адамдармен мүмкіндігінше кемінде 1 метр қашықтықты сақтау қажет. Жақын маңда жөтеліп немесе түшкіріп тұрған адам болған жағдайда бұл шараны сақтау өте маңызды болып табылады. Кейбір инфилтрленген адамдарда ауру белгілері болмағандықтан немесе ауру жеңіл түрде өткендіктен барлық адамдармен физикалық ара-қашықтықты сақтау COVID-19 тараған аймақтарда болатын адамдарға ең дұрыс шешім болып есептеледі.

«Өздігінен оқшаулану» деген не?

Өздігінен оқшаулану – COVID-19 клиникалық белгілері бар адамдардың айналадағы адамдарды, соның ішінде жақындарын жұқтырмау мақсатында өз еркімен қабылдаған маңызды алдын алу шарасы. Өздігінен оқшаулану кезінде COVID-19-дың жоғары дене қызуы, жөтел және басқа да белгілері бар адам үйінде қалады, жұмысқа, оқуға немесе қоғамдық орындарға бармайды. Бұл өз еркімен немесе дәрігердің ұсынысымен жасалады. Келесі іс-әрекеттер тәртібін ұстану қажет: Аурудың жеңіл түрі бар адамдар өздігінен оқшаулану керек (медициналық көмек көрсету керек емес)

Жақсы желдетілетін, кең, санитарлық торабы бар бір бөлмеде қолды гигиеналық өңдеуге қажетті заттармен қалған жөн.

Егер жеке бөлме болмаса, онда төсектерді 1 метр ара-қашықтықта қою керек. Айналадағы адамдармен, тіпті отбасы мүшелерімен 1 метр арақашықтықты сақтаңыз.

Күнделікті клиникалық белгілердің дамуын бақылаңыз.

14 күндік өздігінен оқшаулану ауру белгілері болмаған жағдайда да қажет.

Егер енгізу сияқты белгі пайда болса, онда міндетті түрде тез арада мүмкіндігінше телефон арқылы дәрігер көмегіне жүгіну қажет.

Жақсы көніл-күй мен сергектікті сақтауға тырысыңыз: жақын адамдарыңызбен телефон немесе интернет желісі арқылы байланыста болыңыз және үйде дене шынықтырумен айналысыңыз.

«Өздігінен карантин» деген не?

Өзінді карантин – COVID-19-ды жұқтырған адаммен қарым-қатынаста болған адамның клиникалық белгілері

болмаса да оқшаулануы. Өзінді карантин барысында денсаулығыңыздың жағдайы мен клиникалық белгілерді өз бетінше бақылауыңыз қажет. Өзінді карантиннің мақсаты – жұқпаны одан әрі таралуының алдын алу. COVID-19-ды жұқтырғандар ең алғашқы күннен бастап басқа адамдарды жұқтыруы мүмкін болғандықтан, өзінді карантин жұқпаның ары қарай таралуына жол бермеуі ықтимал. Өзінді карантин кезіндегі іс-әрекеттер тәртібі өзінді оқшаулану кезіндегі тәртіппен бірдей (жоғарыда жазылғанға қара).

Өздігінен оқшаулану, өзінді карантин және әлеуметтік арақашықтықты сақтау арасындағы айырмашылық қандай?

Карантин COVID-19-ды жұқтырғандармен қарым-қатынаста болуы мүмкін, бірақ ешқандай клиникалық белгілері жоқ адамдарды физикалық оқшаулау немесе қызметін шектеу дегенді білдіреді. Бұл шараның басты мақсаты – адамдарда жаңадан алғашқы клиникалық белгілері пайда бола бастаған уақытта ерте кезеңде аурудың таралуын алдын алу.

Оқшаулану ауру таралуының алдын алу мақсатында COVID-19-дың клиникалық белгілері бар науқастардың қарым-қатынасын шектеу.

Әлеуметтік арақашықтықты сақтау айналадағы адамдармен қауіпсіз қашықтықты сақтау деген мағынаны білдіреді. БҰҰ айналадағы адамдармен 1 метр арақашықтықты сақтауды ұсынады. Бұл ережені ауру белгілері бар/жоқ немесе COVID-19-ды жұқтырған науқастармен қарым-қатынаста болған адамдардың барлығы сақтау қажет.

COVID-19-ды балалар немесе жасөспірімдер жұқтыруы мүмкін бе?

Ғылыми мәліметтерде балалар мен жасөспірімдердің басқа да жас категорияларымен бірдей дәрежеде ауруды жұқтыру қаупі бар және олар жұқпаның ары қарай таралуының себепшісі болуы мүмкін екендігі көрсетілген. COVID-19 құрбандарының ішінде балалар, жасөспірімдер, қосымша аурулары жоқ жастар да бар. Балалар мен ересектер науқас адамдармен қарым-қатынаста болса немесе ауру белгілері анықталса өздігінен оқшаулану және өзінді карантин бойынша ұсынымдарды қолдану керек. Әсіресе балалардың егде жастағы, сонымен қатар аурудың ауыр ағымында өту қаупі бар адамдармен қатынасын болдырмау қажет.

COVID-19-ды жұқтыру мен клиникалық белгілердің пайда болуы арасында қанша уақыт өтеді?

COVID-19-ды жұқтырған уақыттан бастап, клиникалық белгілердің пайда болуы арасындағы кезеңнің ұзақтығы 5-6 күн, бірақ 1 күннен 14 күнге дейінгі аралықта болуы ықтимал.

Вирус заттардың бетінде қаншалықты ұзақ сақталады?

Тұрмыстық дезинфекциялаушы заттармен көптеген заттардың бетін өңдегенде вирус толығымен жойылатыны туралы біз білуіміз керек. Зерттеу мәліметтері бойынша COVID-19 вирусы пластмасса мен тот баспайтын болат бетінде 72 сағат, мыста 4 сағаттан кем және картон бетінде 24 сағаттан кем тіршілік етеді.

Дүкенге барғанда қандай қауіпсіздік шараларын сақтау қажет?

Дүкенде айналыңыздағы адамдармен 1 метр арақашықтықты сақтаңыз және қолыңызбен көзінді, ауыз және мұрыңызды ұстамаңыз. Мүмкіндігінше азық-түлік себетінің немесе арбаның тұтқасын қолданар алдында антисептикпен өңдеңіз. Дүкеннен келген соң және азық-түліктерді сұрыптаған соң қолыңызды мұқият жуыңыз. Қазіргі таңда COVID-19-ды азық-түліктер немесе олардың қаптамасы арқылы жұқтыру жағдайлары тіркелмеген.

COVID-19-ды азық-түліктер арқылы жұқтыруға болады ма?

Қазіргі уақытта COVID-19-ды азық-түліктер немесе олардың қаптамасы арқылы жұқтыру туралы ешқандай дәлел жоқ. COVID-19 респираторлық ауру және оның таралу жолы адамнан адамға, инфилтрленген адам түшкірген немесе жөтелген кезде бөлінетін тамшылармен тікелей қатынас арқылы жүзеге асады. Коронавирустар тағамдарда көбеюі алмайды. Олардың көбеюі үшін тірі жануар немесе адам қажет. Жемістер мен көкөністерді ағынды сумен жуу жеткілікті. Азық-түліктердің қаптамасына қажетті материалдарды дезинфекциялау қажет емес, бірақ қаптамаларды ұстаған соң және тамақтану алдында қолды тиісінше жуу міндетті. Күнделікті тұрмыстық жуу және дезинфекциялаушы заттар үйдің бетіндегі вирустарды тиімді жояды. Үй шаруашылығы тазалау және дезинфекциялау үшін 0,05% натрий гипохлориді (NaClO) мен этанол (70%-дан кем емес) негізіндегі өнімдер сияқты беткейлік вируцидтік дезинфекциялаушы заттарды пайдалану керек.

**Азия ЮДАШЕВ,
«Жүрек» ЖШС жалпы тәжірибелігі дәрігері**

4 ҚАЗАН – МҰҒАЛІМ КҮНІ
ҰЛАҒАТЫ
МӘҢГІЛІК

Багила ДИХАНБАЙҚЫЗЫ туралы
бір үзік сыр

«Ұстаздан тәрбие алған» немесе «ұстаз алдын көрген» деген сөздер «ана тәрбиесін алған» деген мағынамен пара-пар. Алғаш әріп танытып, өмірдің қыр-сырын білуге, сан қилы құбылыстарын терең түсінуге мұрындық болып, жасан дүниені құрлы шуақ түсіріп, адамгершілікке баулыған мұғалімнің бейнесі көңіл төрінен орын алары сондықтан.

Алдында отырған балалардың бір-бір кірпіш болып қалануы, бұл – талмай еңбек ету мен тынбай ізденудің арқасында ғана қол жеткізетін жетістік. Ал өзге өзі білетін әлемнің қат-қабат құпиясын бүкпей жайып салу екінші бірінші қолынан келе бермейді. Осы тұрғыда ұстаз еңбегін айналдырғу қисынсыз болар! Өйткені, оның еңбегі – өлшеусіз әрі мәңгілік! Өз баласынан өзгенің жоғары қоятын бір мамандық иесі болса, ол тек ұстаздың ғана қолынан келетіні мәлім. Дәл осы тұста жаны жайсаң әрі өз ісіне өте жауапты, Қабден Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің ұлағаты, ардагер ұстазы, бұрынғы директоры Багила Диханбайқызы Қожахметова жайлы сыр шертуге мүмкін емес.



Багила Қожахметова 1955 жылы Қостанай облысы Семізөзер ауданының Құсмұрын стансасында дүниеге келген. Орта мектепті аяқтағаннан кейін жүрек қалауымен мұғалімдік мамандықты таңдап, Жезқазған педагогикалық училищесіне оқуға түседі.

Бұл оқу орнын аяқтағаннан кейін алғашқы еңбек жолын бастаушы сынып мұғалімі қызметінен бастады. Арнаулы-орта білімді қанағат тұтпаған Багила мұғалім Жезқазған педагогикалық институтының филология факультетіне оқуға түсіп, оны 1974 жылы бітіріп шығады. Ұзақ жылдар бойы ауыл мен қала мектептерінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің сабақ берген ұстаз талай жас шәкірттің қанатын қайтатын.

Ұлағаттылық пен ізгіліктің кеземелі жеткен шағында ардақты ұстаз Жезқазған қаласындағы Қабден Шыңғысов атындағы №5 ЖОБМ-нің директорылық қызметіне тағайындалды. Шығармашылық шеберханасы қалыптасқан ұлағатты ұстаз, білікті басшы, ұжымның қамқоршысы бола білген Багила Диханбайқызы аталған білім ордасынан құрметті еңбек демалысына шықты.

Үлгілі, өнегелі, өмір тәжірибесі мол ұстаз саналы ғұмырының 40 жылғын білім саласына, бала тәрбиесіне арнап, оларға дұрыс бағыт-бағдар нұсқап, саналы білім беруге күш салды. Ұстаз ретінде де, мектеп директоры ретінде де әркез шығармашылықпен ізденуден талмаған маманның әрі ісі берекелі, нәтижелі болды. Басшылық қызмет жасаған жылдарда мектебімізде пән олимпиадасы жүлдегерлерінің саны артып, екі оқушы «Алтын белгі», бір оқушы «Үздік әдістеметан» иесі атанды. Жас мамандарға әдістемелік көмек көрсетіп, қиын да қызықты ұстаздық жолындағы озат тәжірибесін тартудан жалықпаған біздің мұғалім 2014 жылы облыстық деңгейде «Шеберлік шыңын» өткізді.

«Ұстазы жақсының – ұстамы жақсы» демекші, оның шәкірттері жыл сайын мектеп қоржынын өз жетістіктерімен

Рауан БАЙЖАНТАЕВА, Қабден Шыңғысов атындағы №5 орта мектептің қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімі

ТАЛАПШЫЛ
ТӘЛІМГЕР



Адамның адам болып қалыптасуында ата-аналармен қатар сынып жетекшілердің ықпалы зор. Ұрпақ тәрбиесі – бұл болашақ тірегі, мемлекеттің маңызды ісі. Өмірді өрнектейтін адам, яғни ұстаз шәкірт алдындағы парызын еш уақытта ұмытпайды. Мұлт кетсе, үлкен қателік жіберіп алатынын біледі. Ал тәрбиеде кеткен қателікті түзеу оңай іс емес. Соны терең ұғынған әр ұстаз жалықпай ізденеді, білім беруді, тәрбиелеуді, шығармашылықпен еңбек етуді абайсыздығын миіндегі мақсаты санайды. Еңбегі мақтауға да, мадақтауға да әбден лайық ұстаздардың қатарында бытыр №8 гимназияда 4 «ә» сыныбын түлеткен Салтанат Қоғабайқызы Үмбетова да бар. Ол парасаттылығы мен білімін салып, жақылдап жүріп баланы жастайынан баптап, қаламын қолына ұстатып қарағалап, жаса алмаса жазғырмай үйретіп, жетелеп жүріп жетілдірді Біздің балаларымыздың бағбаны бала мен үлкендер әлемінің алтын көпіріне айналды.

мейірімге қанып өскені бойынан байқалады. Қарапайым, тиянақты, арық сөзбен ісі жоқ, тәжірибелі маманның мақсаты – абайсыздықты талдырмай болдырмау – талапшы. 1994 жылдан бері гимназияда мектеп табалдырғын алғаш аттаған бүлдіршіндерді білім нәрімен сусындатуда. Бүгінде оның алдын көріп, тәлімін бойына сіңірген шәкірттері еліміздің түпкір-түпкірінде туған жердің оркендеуіне үлес қосып жүр. Есейген баланың бастауыштағы тіршілігінің тамырына білімді таратқан Салтанат мұғалімнің еңбегі ескеріліп, қалалық «Бастауыш білімнің үздік мұғалімі» номинация иегері атанды. Сондай-ақ, облыс, республика көлемінде жеткен жетістіктері баршылық. Сабақтары республикалық ғылыми-әдістемелік «Білім кілті», «Педагог» журналдарында ал, шәкірттерінің жетістіктері «Қазақстанның үміт артқандары» жинағында жарық көрді. Бұл – ерен еңбектің жемісі.

Гимназиядағы бастауыш сынып кафедрасының жетекшісі, абайсыз асақатқан ұстаздың ұстанымы – ел болашағын жастайынан қолбасшылыққа баулу. Осы ұстанымынан бір сәтте таймағанына түрлі деңгейдегі білім додаларында топ жарған ұл-қыздары дәлел. Ата-аналардың алғысын арқалаған жылдары жылдармен жалғасқан Салтанат мұғалім әлі талай ұрпаққа білімнен қоса тәрбие беретіні сөзсіз. Баланың болашаққа бағыл қалам жасауына жасаған жан-жақты ықпалы ықпалынан шығады. Терсе берсе талай теңеуге тең келетін ұстаздың сарқылмас білімі шәкірттері арқылы биіктен көрінсін. Жігерлі жанның балаларға жұмсаған қуаты сарқылмасын дегіміз келеді.

Құрметті Сара Түгелбайқызы, Салтанат Қоғабайқызы, Жаннат Дастанқызы және гимназия ұстаздары, Сіздерді келе жатқан ұстаздар мерекесімен құттықтаймыз! Ата-аналар атынан шексіз алғыс, ризашылық көңілмен еңбектеріңізге бас иеміз. Дендеріңізге саулық, отбасына амандық, берке тілейміз. Қиындық арқылы келетін қуанышы мен жетістігі жетерлік еңбектеріңізге әрдайым сәттілік серік болсын.

№8 гимназияның 5 «ә» сынып ата-аналары

(Соңы. Басы 1-бетте).

Үлгілік оқу жоспарлары төмендеуі есебінен 2021 жылдан бастап оқу жүктемесі 18 сағаттан 16 сағатқа дейін төмендейді. Заң бойынша педагогтердің балаларына тұрғылықты жері бойынша мектепке дейінгі ұйымдарға кезексіз орын беріледі. Сонымен бірге, білім қызметкерлеріне баспана мен жеке тұрғын үй құрылысы үшін жер учаскелеріне кепілдік беріліп отыр. Халықаралық конкурстар мен жарыстардың жеңімпаздарына түрлі олимпиадалар мен спорттық жарыстардың лауреаттарын дайындаған педагогтер, магистр дәрежесі бар мұғалімдерге, тәлімгерлікке зат аясында күнтізбелік 56 күндік ақы төленетін жыл сайынғы еңбек демалысын ауауың әлеуметтік кепілдіктерін иеленіп отыр.

Ұстаздық қоғамдағы беделін арттыруға да заңда көрініс тапты. Ұстаздың ең бірінші міндеті – балаға білім беру. Сондықтан, мұғалімдерді оңды-солды қоғамдық жұмыстарға тартуға заңмен тиым салынды. Одан бөлек, педагогтердің ар-намысын, абыройын қорғау мақсатында заңнамалар алғаш рет педагогтің абыройына қол сұққаны үшін әкімшілік жауапкершілік туралы норма енгізілді. Айталық, педагогтерге тіл тигізгені үшін жеке тұлғаларға 30 айлық есептік көрсеткіш көлемінде айыппұл салынады. Егер мұндай жағдай бір жыл ішінде қайталанып болса 40 АЕК көлемінде айыппұл (немесе 5 тәулікке дейін әкімшілік қамауға алу қарастырылған. Егер көмелет жасаны жетпегендер педагогті тіл тигізсе, олардың ата-анасына немесе ата-анасының орнын алмастырушыларға 20 АЕК көлеміндегі айыппұл қарастырылған. Құқық бұзушылық қайталанса айыппұл көлемі 30 АЕК болады. Заңда мұғалімдерді кәсіби міндетіне жаптайтын жұмыстарға тарту мәселесіне жіті көңіл бөлінген. Педагогтерді қызметіне сәйкес емес жұмыстарға тартқандарға ескерту беріледі, құқық бұзушылық қайталанса кінәліге 20 АЕК-тен 120 АЕК-ке дейін айыппұл салынады. Көзделмеген есептілікті ұсынуға талап еткендерге де ескерту беріледі, құқық бұзушылық қайталанса 20 АЕК-тен 120 АЕК-ке дейін айыппұл салынады. Көзделмеген тексерістер жүргізген кінәлі лауазымды тұлғалар да осындай жазаға тартылады.

– Ұрпақ тәрбиесінде ата-анадан кейінгі екінші болып үлкен үлес қосатын ұстаздар қауымы екенін белгілі. Дегенмен, соңғы кездері осы екі тараптың арасында түсінбейтіндей жай орын алатынын көріп те, естіп те жүрміз. Мұғалім, оқушы және ата-ана арасында кезекер көзқарастардың туындауына не себеп деп ойлайсыз?

– Өкінішке қарай, бүгінгі ата-аналардың басым көпшілігінің бала тәрбиесіндегі рөлі, баласына жатар орын, ішер тамақ, киес киім әперумен шектеліп отыр. Қалған шаруаның барлығын мектепке артып қойған. Ата-анада баламың қарны тоқ, қойлегі көк болса, қалғанына мектеп жауапты деген ұғым қалыптасқан. Баласы оқыса жағдайы ұшыраса, оған қылыққа барса бірден мектепті кінәлап, ұстаздарды айыптауға асыға-

мыз. «Қызым үйде, қылығы түзде», «Үяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» деген халық даналығын ата-аналар әлдеқашан ұмытқандай.

Үлгі кемеңгер Абай атамның «Адамның адамшылығы жақсы ата-ана мен жақсы ұстаздан болады» деген. Ата-ана мен ұстаз бала болашағы үшін тәрбие таразысының екі басының тең түсуіне көңіл бөліп, мән бергені абзал. Гимназияда мұғалім мен ата-ана арасында мұндай түсінбейтін жағдайлар туындамас үшін «Әкелер мектебі», «Аналар мектебі», «Жас ата-аналарға арналған мектеп» және «Әкелер мектебі» жұмыс істейді. Сонымен бірге жанжалдарды ұшықтармай үйініш бейтарап жақ медиатордың көмегімен шешу формасы да қолданылып жүр.

– COVID-19 пандемиясы мектеп мұғалімдерінің сөздік қорын қашықтан оқу терминімен толықтырды. Ондай оқудың түймді әрі түйсіз тұстары жайында айта отырасыз.

– Шыны керек, еліміз цифрландыруға бет бұрған тұста басым көпшілігіміз үркі қарап, жаңашылдықты қабылдамадық. Дегенмен, цифрландыру бүгінгі заманның талабы екенін бүгін ұқпайдымыз.

Қашықтан оқу жоғарғы оқу орындардың практикасында қолданып жүрсе-дағы мектеп ұстаздары мен оқушыларға, ата-аналарға танық болғаны рас. Мектеп оқушылары үшін мектеп қабырғасында ұстаздың алдында білім алғанға ештеңе жетпейді әрине. Бірақ, тұтас ұлттың көпшілігі үшін қазір қашықтан оқу қажет.

Бүкіл әлем бойынша 870 миллионнан астам оқушы осындай форматта білім алуға. Бір қуантарлығы оқушы да, ата-ана да дәл қазіргі қиыншылық жағдайда қашықтан оқытуға бет бейімделіп, оны тез меңгеріп алды. Қажеттілік туған кезде түрлі платформалар мен бағдарламалармен танысып, қолданып отыр. Қазіргі таңда «Bilim» электронды мектепте «Zoom» «Dapul online» платформасы бағдарламалары және бастауыш сыныптар үшін «El arna», «Балапан» телеарналары, Қазақ радиосы, интернет ресурстар және пошта арқылы да жүргізіліп жатыр. Сәтті пайдаланып, бауыр еті баласымен көп уақыт откізіп, оның білім алуын қадағалап отырған ата-аналарға ризашылықымды білдіргім келеді. Бұл күндер де өте шығар. Еліміз індетті жеңіп, мектеп іші оқушылардың үнімен у-шу болатын күнді біз де асыға күтіп жүрміз. «Сабыр – ақыл серігі» деп Майлықожа бабамыз айтқандай, ата-аналарымды шыдамдылық танытып, ұстамады болуға шақырамын.

– Алпыс бес жылдық тарихы бар өзіңіз басшылық ететін гимназияның бүгінгі тыныс-тіршілігі қандай?

– Үкімет тарапынан мұғалімдер мен оқушылардың оңтайлы жұмысы үшін қажетті жағдайлар жасалады. Білім саласына зор қолдау бар десем, артық айтқандық болмас. Бұл сөзіме соңғы жылдары гимназияда лингафонды кабинеттер мен И-сыныптардың ашылуы, ұл балалар мен қыз балаларға арналған технология кабинетімен, зерттеу жұмыстарына қажетті жаратылыстану-математикалық бағыттағы пән кабинеттерінің жабылғандығы, интернетті тақталар мен дербес компьютерлермен қамтамасыз етілуі, асхананың заманауи жабықталуы дәлел болса керек.

Біздің гимназия ұжымы атакты педагог Я. А. Коменскийдің «Менңі нұрдың қызметшісі барлық ой

ЖІГЕРЛІ ЖАС МАМАНДАР

Бүгінде ұстаз мамандығын меңгерген жастар саны жыл сайап артып келеді. Болашағын білім беру саласымен байланыстырған жас мамандар Жезқазғанда да өз емес. Жас мамандардың көптеп шоғырланған ордаларының бірі – №1 мектеп. Бүгінгі таңда білім ошағында еңбек етіп жатқан 14 жас маманның арасынан кез келген пән мұғалімін кезіктіруге болады.

Журналистермен кездесуге келген мамандар арасында бірінші болып көзімізге түскен ұстаздың бірі – Марат Сәрсенбаев. 1984 жылғы бүгінгі Түркістан облысында дүниеге келген ол 2007-2010 жылдар аралығында М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан Мемлекеттік университетінде дене тәрбиесі пәнінің мұғалімі мамандығы бойынша білім алған. Кейін мысты шаһарға қоныс аударып, еңбек жолын мектептен емес, «Қазакмыс» корпорациясынан бастады. Өндіріс саласында 13 жыл еңбек етті. Мараттың осынша уақыттан соң білім саласына оралғаны бізге қызық болды. «Мен корпорацияда жұмыс істеген кезімде үнемі іссапарларда жүрдім. Уақыттың тығыздығынан балаларына да жеткілікті көңіл бөле алмайсың. Сол себепті өзіміздің мамандығым бойынша жұмыс істедім деп шештім» деген ол ұстаздық кәсіптің қы-

зығы мен шығығы қатар екенін жасырмады. Алғашқы оқу жылын қашықтан білім берумен бастаған Марат жетекші тәлімгерлеріне алғысын білдірді.

Шәкірттері әзірлен-ақ республикалық өнер байқауларынан жүлделі орындарды қанжығалаған жас маман музыка пәнінің мұғалімі – Ғанибек Уәлиханов. №1 мектептен қатар №11 мектептің де балаларын ән-күйге баулып жүрген оның шәкірттері Ақерке Байсова мен Асылбек Малғожин Республикалық «Қосбасар» байқауында ІІІ орынды, Айзат Қайрақты көпке белгілі Республикалық «Жеті өнер» байқауында ІІІ орынды иеленіп үлгерді. І орынды иеленген шәкірттері де бар.

Оқушылардың, әсіресе, ұл балалардың бойында жігітке тән жігерлік пен қайсарлық сынды мінсз-құлқыттардың қалыптасуы мектепте берілген тәлім-тәрбиеге тығыз байланысты. Осы орайда, ер мұғалімдердің еңбегі ерекше көрінісін жасырын емес. Көркем еңбек орынын сабақ беретін Олжас Есімбаев пен информатика пәнін оқытатын Абылай Рахатовтың да алдарына қойған мақсаттары орасан. Бірі қызмет жолын №11 мектеп орта мектебінен бастаса, екіншісі ұстаз болу үшін жеке көсімін



тастап, туған жеріне қайтып оралған. Десе де, қос жігіттің де мақсаты бір. Ол – бәсекеге қабілетті, жүзден жүйрік, мыңнан тұлпар шығар шәкірттер тәрбиелеу.

Аталған білім ордасында білімді әрі бизнз нәзікжанды ұстаздар да аз емес. Шәкірт бойына білімнің алғашқы нәрі сеуіп, іргетасын қалайтын бастауыш пәнінің мұғалімі екені аян. Бастауыш пәнін еске алғанда сіздің де көз алдыңыз өзіншегі алғаш рет қалам ұстатып, әріп танытқан мұғаліміңіз естелген болар. Ең жылы жүректі, таусылмас шыдам несінің бүгінгі жалғасы – Қызғалдақ Қараша. Жезқазған гуманитарлық колледжін бітірген ол өзі сынды бірнеше құрбыларымен бірге аталған шаңыраққа жұмысқа қабылданған. «Өзіміз педагогикалық іс-тәжірибемді №1 мектеп табалдырында өттім. Сол себепті бұл жер маған тым ыстық. Оқуды аяқтап, диплом алған соң осында қайта оралғанды жөн санаймын» дейді ол. Құрбылары Жібек Советова, Эльмира Соқбаева, Гүлдана Мұханбетрахым, Мархаба Толықбаева және тағы да басқаларымен бірге мектеп ұжымының оларды жылы шырамын қабылдағанын, тәжірибелі

әріптестерінің кез келген уақытта көмек қолын созатындықтарын айтқан Қызғалдақ ұстаздық жолды таңдағанына еш өкінібейтінін айтты.

– Әрине, басында қиындықтар көп кездесті. Оқу мен тәрбие жұмысын ұштастыру көптің қолынан келе бермесі анық. Әріп танымытқан балаға білім үйрету – орасан еңбек. Қазіргі онлайн оқу барысында балаларға да қиын болып тұр. Өйткені олар әлі кішкентай болғандықтан білім беру платформаларына өздері кіріп-шыға алмайды. Осы тұста ата-аналардың көмегі ұшан-теңіз. Қазір аса қатты қиындық жоқ. Біз де, оқушылар да қашықтан білім беру үдерісіне икемделе бастады, – дейді ол.

Уақыт алмасқан сайын білім ошағындағы конекоз мұғалімдердің орнына жаңа буын келіптің ақиқат. Сол буынның білім мен білім сапасына қарай ұрпақтар өсіп-өнеді. Ал ұрпақ – елдің болашағы. Ендеше, ұлтты тәрбиелеуші ұстаздардың көмегі қашан да бағалы, қай кезде де құнды. Осы жезқазғандық ұстаздардың да қанатын кеңге жайып, туған жерлерін түлте беретініне сеніміміз кәміл.

Ақсет ТАҒЫБЕРГЕН

ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

«ЖАҢА ӘЛЕМГЕ БАСТАР ЖОЛ»

атты байқау өтті

Жезқазған қаласы мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің жанындағы «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастырумен «Жаңа әлемге бастар жол» байқауы ұйымдастырылды. Бұл жолы байқауда Жезқазған тарихи-археологиялық музейі мен Жезқазған қалалық сотының мамандары бәсекеге түсті.

– Елбасымыз Н.Назарбаев «Қазақстан – 2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Бір кезде тарих бедерінде біз мұндай қадамды жасағанбыз. Балаларымыз болашағы үшін осындай ішкі шешім қабылдауға тиіспіз және бұл әлеммен бірлесу тәуелсіздігімізге, балаларымыздың ағылшын тілі мен ғаламтор тілін жетік игеруіне, ең бастысы – қазақ тілін жаңғыртуға жағдай туғызады», деп атап көрсеткен болатын. Бұған қоса, латын қарпіне көшу арқылы жат дыбыстарды таңбалайтын әріптер қысқарып, тіл тазалығы сақталады. Қазақ тілін оқытқан кезде басы артық таңбаларға қажетті емле, ережелер қысқарып, оған кететін уақыт пен қаржы үнемделеді

және тіліміздің қолданыс аясы кеңейеді, – деген «Тілтану» оқу-әдістемелік орталығының оқытушысы Ақгүл Ошағанова қаріп тарихына да тоқталды. Байқауға қатысушылар 3 кезең арқылы сайынса түсті. Олар бірінші кезеңде А.Байтұрсынұлының мысал шығармаларын латын әліпбиінде жазып, оқыды. Ал екінші кезең бойынша көрсетілген экран бетінде жазырылған тұлғалар жайлы қазақ тіліне негізделген латын қарпітерімен шығарма жазды. Соңғы кезеңде жазырған сөзді тапты. Шара соңында қос топтың қатысушыларына номинациялар бойынша марапаттар табысталды.

Ай СҮГІП



ҰЛЫ ЖЕҢІС – АРХИВ ҚҰЖАТТАРЫНДА

ЖАУЫНГЕР ЖОЛДЫБАЙ ҚОНЫСОВ

«Ер бақыты ел қолында, ел бақыты ерлер қолында» деп батыр атамыз Бауыржан Момышұлы айтып кеткендей, ардагерлер – Қазақстан халқына бейбітшілік, тыныштық, береке, бақыт орнатқандар. Сұрапыл соғысты басынан өткеріп, бізді жеңіске жеткізген ағаларымыз бен аталарымызды, сол жылдарда қиындыққа төзіп, тылдағы ауыр жұмыстарды атқарып, соғысымен Жеңіс күндерді жақындатқан аналарымызды да мақтан тұтамыз. Соғыс майдангерлері Отанға деген шын сүйіспеншілігімен, ерліктерімен, қайсарлығымен, жігер-қайратымен, ел қорғау сезімімен келер ұрпаққа үлгі болды. Еліміздің тарихында, жалпы әлем тарихында Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің есімі өшпес ерліктерімен мәңгілікке жазылып қалды. Сондай ардагерлеріміздің бірі – Жолдыбай ҚОНЫСОВ.

Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің жеке тектік қор иесі белгілі өлкетанушы, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Сүтмен Бүкіровтің №289 қорындағы жинақталған құжаттарында жауынгер досы Жолдыбай Қонысов туралы естелігі сақталған екен.

Жолдыбай Қонысов Ұлытау төңірегінде Ешкіөлмес деген жерде дүниеге келеді. Қарсақбай орта мектебінің 8-классында оқып жүргенде соғыс басталып, оқуды кешкі мектепте жалғастырады. Жұмысшы жастар мектебінің жанынан шығатын «Патриот» атты қабырға газетінің редакторы болып, жұмысты белсене атқарады. Сол кезден теміржолда паравоз машинисінің көмекшісі болып істейді. Жолдыбай Қонысов мектеп қабырғасында жүргеннен бастап Қарсақбайдағы аудандық «Қызыл кенші» газетінің белсенді тілшісі болады. 1942 жылы Кеңес әскері қатарына алынған соң да майданнан газетке мақала жазуын тоқтатпай редакциямен байланысын үзбеді.

1942 жылдың күздің қара суығында Қонысов Жолдыбай жерлестері Әбжәл Зейнуллин, Қошқарбай Тастамбеков, Шыртай Сүлейменов, Сартай Қуанышев, тағы басқа майданда достарымен Калинин майданында Ржев түбіндегі айқасқа қатысады. 114-ші айрықша атқыштар дивизиясының құрамында сержант Қонысов Жолдыбай ерлікпен шайқасады. Осы сұрапыл шайқастағы ерлігі үшін Отан соғысының I дәрежелі орденімен марапатталады.

1943 жылдың қаңарлы қысында Ржев

ауданы Белово селосы, Алексей Стаханов атындағы колхоз жеріндегі керемет бір ұрыста бомба ұшқынынан ауыр жараланған Жолдыбай екі көзінен бірдей айырылады. Новосибирск госпиталінен емделіп шығып, медбихі Кривенцова Лидияның жетектеуімен Қарсақбайдағы үйіне оралады. Елге келген соң отбасын құрады. Зайыбы Әйнекен ана екеуі алты бала тәрбиелеп өсіреді.

Жолдыбай әкей соғыстан екі көзден айырылып келгенде немере інісі Кәдіржан 7 жасар еді. Әкей естеліктерінде «Сол Кәдіржан інім мені 1956 жылға дейін барам деген жеріме апарып жетектеп келді. Кәдіржан оқуға кеткенде Кәдірбек інім сүріндірмей қалаған жеріме апарып келеді» деп жазады. Кейіннен балалары Раушан, Рауза, Қасымбегі де өсіп, жетектеуге жарап қалады. Екі көзден айрылса да, тұрмыстын мұқтажының көрмей балаларына жақсы тәрбие беріп өсіреді.

Жеңіс – біздер үшін кейінгі ұрпаққа ұлықтайтын шежіре болмақ. Аға-апаларымызға деген құрмет үнемі тарихтың ақ парағында сағайғанмен, ол күндер мәңгі есте сақталады.

Қарлыға НАУРЫЗБАЕВА,
Жезқазған қаласы мемлекеттік архиві әдебиет, өнер, жеке қорлар және ақпараттар мен құжаттарды ғылыми пайдалану бөлімінің жоғарғы санатты архивісі

ТІЛ ТАҒДЫРЫ – ЕЛ ТАҒДЫРЫ

РУХАНИ БАЙЛЫҒЫМЫЗДЫҢ ҚАЙНАР БҰЛАҒЫ



Тілсіз қоғамның қандай түрі болса да өмір сүре алмайды, ол тілдің өзі қоғам бар жерде ғана пайда болып, өмір сүреді. Демек, қоғамнан тыс, бөлек тіл жоқ. Тіл – қоғамның жемісі. Тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Әлем таныған ел болу үшін тіліміздің мәртебесін байқатпасақ, тіл әрбір адамға ана сүтімен дарып, қалыптасады. Тіл байлығы – әрбір елдің ұлттық мақтанышы. Ол – атадан балаға мирас болып қалып отыратын баға жетпес мұра.

«Тілдер туралы» Қазақстан Республикасы Заңында «Қазақстан халқын топтастырудың аса маңызды факторы болып табылатын мемлекеттік тілді менгеру – Қазақстан Республикасының әрбір адамзатының парызы» – делінген.

«Қазақ тілі – рухани байлығымыздың қайнар бұлағы» деп бекер айтылмайды. Қазақ елінде, қазақ жерінде қазақ тілі өркендеуі тиіс. Ол үшін ана тіліміздің қадір-қасиетін өзіміз білуіміз, дәріптеуіміз, насихаттауымыз керек. Қазіргі жастардың бірақтары ана тілін білмейді, құрметтемейді. Ал кейбіреулері бірінші орынға шет тілдерін қойып, туған тілін білуге асқайыптыны өкінішті.

«Тіл тағдыры – ел тағдыры» деп те айтып жүрміз. Сондықтан әр адам өз ана тілін көзінің қарашығындай қорғауға, оның орынсыз шұбарлануының қандайына болса да қарсы тұруға тиіс. Туған тілдің абыройын асқақтату – әрбір адамзаттың абзал борышы. Біздің барша ұлттық келбетіміз бен болмысымыз, салт-санамыз бен дініміз де осы ұлттық мәдениет пен тілімізде жатыр. Тәуелсіз елдің елдігі жас ұрпағын парасатты да білмді, іскер де қабілетті, отансүйгіш те ұлтжанды тұрға етіп қалыптастыруда мемлекеттік тілдің атқаратын қызметі орасан зор.

Қанша тіл білсең, өзгеден сонша кез биіксің. Дегенмен, алдымен туған еліңнің мемлекеттік тілін білуге міндеттісің. Қазақ тілі – ол шаруашылықтың бар саласын өркендетуге тәуелсіздік күші, халқымыздың мәдени дәрежесін көтере беруші пәрменді құрал, жұртшылықты жаппай отаншылдық рухта тәрбиелеудің басты құралы, қуатты қаруы екенін ұмытпағанымыз жөн.

Жасыратыны жоқ, кешегі кеңестік дәуірде шетқайтай болған тілімізге ілесе халқымыздың ұлттық рух, дәстүр – салттың ұмытыла бастауы өтірік емес. Ең жаманы еліміздің бүгінгі-ертегі жастарымыз ғана емес, егде адамдарымызда орыс тілінде сөйлеп, ана тілін жатырқауды шығарды. Әлемдегі ең бай да сұлу, әуезді де салтанатты тіліміздің қадір-қасиетін менсінбейтін халге түсті. «Тілімізді кристалдай таза ұстап, қыз жасауындай жайнатуға тиіспіз» деген Шоқан Уәлихановтың сөзі дәл бүгінгі ұрпаққа айтылғандай.

Елімізде ауызекі сөйлесу тілі болып әлі күнге дейін орыс тілі үстемдік құруда. Өз от-

басында ана тілінде сөйлейтін отбасылардың саны аз. Тіпті туған тілден безетін сорақыларды да көргеніміз бар. Төл тілде сөйлеуден безу ақ сүт беріп, асыраған анадан ұмытумен бірдей. Келешегінің кемелді болуы үшін қазақ тілін де үйренулері қажет. Қазақстандағы мемлекеттік тіл мәселесі еліміз тәуелсіздік алғалы бері батыл айтылып келеді. Бүгінгі таңдағы мемлекеттік ұлт саясатында ұстанып отырған бағыттары арасында қазақ тілінің мәртебесін көтеру жайы алдыңғы орында тұр.

Тіліміздің мемлекеттік дәреже алуына байланысты қазіргі кезде практикалық жағына да, теориялық жағына да көптеген нәтижелерге жетіп жатырмыз. Тіл халықпен бірге өмір сүріп, дамиды. Себебі, әр ұлттың тілі – оның бақыты, тірегі. Ана тілінде таза сөйлеу, оған деген оң көзқарас ең зор адамдық, мәдениеттілік, тәрбиелілік болып саналады. Тіл мен қарым-қатынас біріккенде ғана сыйластық, достық, адамгершілік пайда болады. Мемлекеттік тілді менгеру елдің бірлігін білдіреді. Сонда мемлекеттік тіл – татулық тірегі болды деп айтамыз. Қазір тілдің тағдырын шешпесек, оның тізгінін қолымызды ұстасақ, еліміз мемлекет бола алмайды, ол ол ма, келешек ұрпақ – біздің балаларымыз, немерелеріміз тілді білмей қалады. Сонда мемлекетіміздің жағдайы не боларын ойлаудың өзі қорқынышты. Сол себепті жүрегі еліміз деп соққан әрбір азамат қазірден бастап қамданып, ана тілдің мәртебесін көтеріп, қолдану аясын кеңетуге өзше атсалысуы тиіс. Қазақстан егемендігін баянды етіп, оны әлемдегі озық елдердің қатарына қосу үшін мемлекеттік тілдің жетекші рөл атқаратындығын жас ұрпақтың санасына сіңіріп, өз Отанының нағыз патриоты етіп тәрбиелеу – бәрімізге ортақ парызы.

Қазіргі таңда Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының алдына бағдарлы мақсаттары мен негізгі міндеттер бекітіліп берілген. Сондықтан ел мүддесі үшін атқарылатын бұл мақсатты міндеттерді іске асыруға басқарма қызметкерлері мемлекеттік мекемелерге қызмет көрсету сапасын жақсартуды жылдан-жылға артыруда.

Бейбіт ШӨКЕНОВ,
Жезқазған қалалық қазынашылық басқармасының басшысы



ҰЛЫТАУ ӘЙЕЛДЕРІ СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА

Ұлы Отан соғысына ұлықтаулықтардың қосқан үлесі зор. Көптеген ер азаматтар майданда ерлік көрсетті. Олардың біразы елге оралмады. Ұлықтау соғыс жылдарында ауыл шаруашылығы түгелдей колхозға айналған шаруашылық болатын. Соғыс жылдарында қазіргі Ұлықтау ауданына 22 колхоз қараған. Ал, 1957 жылдан бастап бірнеше колхоз бірігіп 5 совхозға айналды. Кейін тағы совхоздар болғаны мәлім.

1987 жылы август айында Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Президиумы «Республика Халық депутаттары Советінің Ұлы Отан соғысы жылдарында (1941-1945 жылдар) өндірісте еңбек еткен ардагер әйелдердің әлеуметтік тұрмыстық жағдайларын жақсарту жөніндегі жұмысының жайы және оны күшейту шаралары туралы» қаулы қабылдағаны белгілі.

Қаулыда: «Әйелдердің патриотизмі, олардың сарқылмас қажыр-қайраты, жоғары адамгершілік қасиеттері Ұлы Отан соғысы жылдарында ерекше күшпен көрінді, бұл жылдары олар өндірісте ерлердің орнын басып, тылдағы үздіксіз жұмысты қамтамасыз етті. Қазақстанның әртүрлі ұлттарының мыңдаған әйелдері колхоздар мен совхоздарда жанқиярлықпен еңбек етті», – деп жазды.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жеңіс үшін қалтқасыз еңбек еткен әйелдердің даңқты дәстүрлері жастарға еңбек тәрбиесін, патриоттық тәрбие беру жүйесінде лайықты орын алып, қазірде сол жылдағы еңбегімен үлгі көрсетіп жүргендері әлі арамызда баршылық. Солармен әңгімелесіп, пікірлестік. Ауданның жарты ғасырлық мерейтойы қарсаңында олардың ұмытылмас ізгі еңбектерін атап өтуді жөн көрдім.

Сол жылдары еңбегімен танылған Ұлықтау әйелдерінің бірегейі **Жамал апай Жүсіпова**, қазір жасы 75-ге. Ұлықтауда келдей шаруа отбасында туған. Еңбек жолын соғыстың алғашқы жылдарында колхозда кәдімгі қара жұмыстан бастаған. Содан кейін Қарсақбай мыс зауытында еңбек еткен Жамал апай «1941-1945 жылдары Ұлы Отан соғысындағы ерлік еңбегі үшін» медалімен марапатталған. Соғыстың бар қиыншылығын көрген, Жездіде электроваршник жұмысын атқарған. Стахановшы, адал еңбегін халық бағалап Қазақ КСР Жоғарғы Советінің халық депутаттығына №180 Ұлықтау сайлау округі еңбекшілері бір ауыздан сайлаған. Ұлықтаулық Жамал апай қазір Жездіде тұрады, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер.

Соғыс жылдарында Ұлықтау ауданы колхоздарында тылда еңбек еткен әйелдердің арасында, әсіресе, ерекше еңбектің үлгісін көрсеткендердің ішінде жас келіншек, комсомол, коммунист әйелдер ерекше көзге түседі.

Қатерлі жылдары отыздың ішіндегі **Рахия Дүйсенбекова (Дүйсенбаева)** 1942 жылдың қаңтарында партия қатарына өтеді. Ұлықтауда «Тайкеткен» деген жерде туған. «Айыртау», «Ұлгілі» колхоздарында сауыншы болған. Басқалары 10 сындыр сауса, Рахияға 20 сындыр бекітіп берді, аға сауыншы, стахановшы, коммунист әйел басқаларға үлгі көрсете білді. Малдың қысқы шөбін даярлайтындар да сауыншылар. Колхоздың өткізе көкпарба жегіп, шөпті өздері шауып, өздері жинап маялайды. Қора-қолпыны да түзетушілер сауыншы әйелдердің өздері болды. Рахия апайдың жолдасы Обей соғыстың алғашқы күндерінде майданға аттанып, ауыр жараланып елге келеді, еңбек етеді. Рахия апай жергілікті Советтің депутаттығына 3 рет сайланған. Аудандық, облыстық партия конференцияларына да делегат болып қатысады. Бірнеше жоғары марапаттардың иегері. 1961 жылы Рахия Дүйсенбекова ауыл шаруашылығындағы көп жылғы еңбегін ескеріп, аудан басыналы «Волга» жеңіл машинасын сыйға тартады.

Жезқазған өңірінің тарихи құжаттарын сақтап, кейінгі ұрпаққа жеткізуде қалалық мемлекеттік мұрағат қорының атқарар қызметі зор. Мұнда өңір тарихының құнды құжаттары, өнеркәсіпті өлкенің өмірбаяны, саяси-экономикалық және мәдени-тұрмыстық, басқа да маңызды дереккөздері сақталуда. Өлке тарихының өлшеусіз мол мұрасы №289 Сүтмен Бүкіровтің жеке тектік қорында сақталған. Бүгінгі назартарыңызға ұсынылып отырған мақала – С.Тақабайұлының еңбектерінің бірі. Сол мақалаға арқау болған тыл еңбеккерлерінің ерен еңбегін тағы да жариялауды жөн көрдік. Олар өмірден өтсе де, ерлікке толы еңбек жолдары мәңгілік ел жадында.



Ұлықтау басында, Аманкелді атындағы №26 үйде тұратын **Ақын Әлімбетова** апаймен өз үйінде ұзақ әңгімелестім. Соғыс жылдарында еңбек еткен әйелдердің бірі. Осы ауданның «Қарабұлақ» деген жерінде туған. Еңбекке жастайынан араласады, «Коммуна» колхозында колхозшы болып, кейін «Ұлықтау» совхозында жұмыс жасайды. Соғыс жылдары «Қызыл Коммунада» колхоздың қандай жұмыстары болса да, тартынбай, жан қиырлықпен еңбек етті. Жақсы жұмыс істеп, стахановшы колхозшы атанды. Үлгілі жұмысшы, колхоздың таңдаулы адамы ретінде бастауыш партия ұйымы үлкен сенім білдіріп, коммунист партия қатарына мүшелікке өтеді. Озат колхозшы жергілікті Советтің депутаттығына, аудандық партия комитетінің пленум мүшелігіне сайланады. Депутат әрі пленум мүшесі ретінде көптеген әскер семьясына тікелей көмегін көрсетеді. Қажырлы еңбегі бағаланып «Еңбек ардагері» медалімен, бірнеше мерекелік медальдармен, грамоталармен, бағалы сыйлықтармен марапатталған.

Біз «Қаракенгір» совхозында тұратын соғыс жылдарында ерен еңбегімен танылған колхоз еңбеккері **Нағима Есімсейітова**мен де әңгімелестік. Нағима – партия мүшесі. Сегіз бала өсіріп, тәрбиелеген ардақты ана. Балаларының бәрі үйлі-жайлы болып кеткен. Оқу бітіріп алды облыс орталығында, облыстық мекемелерде қызмет атқарып жүр. Жолдасы Мұхтар Айтбаев, ақсақал да сексеннен асқан қария, соғыс, еңбек ардагері. Әкесі Айтбай Досжанұлы ауылдың атақты ақыны, әрі белгілікті ұста, зергері болған кісі. Ертеректе «Ұлықтау өңірінде – Айтбай ұрпақтары» деген ұзақ очерк жариялаған болатынмын. Нағима туралы сол очеркте де толығырақ айтылған. Ал бірінің бабасы, бірінің әкесі Айтбай ұста, әрі суырып салма ақын алғаш жергілікті Советтің сайлауында (1939 ж.) осы «1-май» колхозынан тұңғыш сайланған депутат.

Біздің жолымыз Қаракенгірден кейін, Ешкіөлместегі «Көкбұлақ» №4 кой фермасына келдік. Осы ферманың малшысы Тыншбай Балмағанбетовтың үйіне тоқтадық. Тыншбайдың анасы **Рахиян Смайлқызы** апай ең алғаш артель, колхоз ұйымдасқаннан бұрынғы «Қараадыр» деп атайтын колхоздың колхозшысы. Соғыс жылдарында осы арада еңбек еткен. Жеті бала, 26 немере тәрбиелеген. Соғыс қиыншылықтары туралы Рахиян апай былай деді:

– Шырағым, соғыс жылдарында біз істемеген жұмыс кемде-кем. Колхоздың қандайда болмасын жұмысын атқардық қой. Мал шаруашылығымен қоса егін де салған жылдарымыз болды. Біз танның атысы, күннің батысына дейін жұмыс істедік. Омыраудағы баламызды бесігімен жұмыс басына алып барып, жұмыс істей жүріп, тамақтандырамыз. Кешке үйге шаршап келгенімізге қарамай ертеңіне жұмыстан қалмаймыз. Менімен бірге бір күнде жұмыстан қалмай еңбек еткен жанның бірі – **Балғынай Меңдібаева**.

Ол да қазір зейнеткер, Қаракенгірде тұрады. Анау артель, Тоз-Серіктік одан

колхоз, совхоз болғанға дейінгі өңіріміздегі өзгерістер көз алдымызда. Бұрын осы совхозға дейін алты колхоз болатын. 1957 жылы ол колхоздар қосылып бір ғана «Қаракенгір» деп аталатын совхоз болды. Қандай колхоздар екенін «Қараадырдан» басқасын ұмыттым, – деп Рахиян апай әңгімесін аяқтады. Осы кезде Ұлықтауда көп жыл мал шаруашылығымен шұғылданған Әшенұлы Туралы мен айтып берейін деп әңгімеге араласты. Ертеректегі «Қараадыр», «1-май», «Қызыл Коммуна», «Калинин», «Қызыл шын», «Сосон «Бостандық» колхоздарын біріктіріп, «Қаракенгір» совхоз болды. Бұдан кейін қазіргі «Ұлықтау» совхозына біріккен алты колхоздың да аттарын жаздырды. Олар: «Ұлгілі», «Айыртау», «Үлкен бұлақ», «Комсомол», «Коммуна», «Лениншіл». Кейін архив деректерімен салыстырғанда Түркеннің айтқандары дұрыс болып шықты.

Тылдағы еңбектің тағы бір кейіпкері – **Үрзия апай Ершуманова**. 1941 жылдан СОКП мүшесі. Соғыс жылдарында Ұлықтаудың подхозында 300-дей сиыр-тайынша баққан, оларды қысы-жазында күтімге алған. Үрзияның жолдасы Түсіп 1942 жылы майданға кетеді. Содан 1945 жылы Жеңіспен елге оралады. Үрзия апай соғыс жылдарындағы ауырталпығын, үш баламен қалған мезгілдерін әңгімелеп берді.

Ұлықтауда мал шаруашылығы кең өріс алған «Аманкелді» колхозында көп жыл бойы сауыншы болып еңбек еткен **Жәмиля Тастемірова** шешей де естеліктерімен бөлісті. Бұл кісі колхозда алдамдардың жетіспейтінін көріп 10 сындыр орнына 20 сыыр саууға міндеттенген, онымен қоймай қысқы мал күтімін түгелдей өз жауаптылығына алған. Талай мақтаулар, грамоталармен марапатталған. «1941-1945 жылдардағы еңбегі үшін» медалінің иегері.

Сәбира Қалекенова – Терісаканның тумасы. Еңбекке жастайынан он екі жасында кіріскен. Үлкендерге көмектескен. Ол кезде «Талап» колхозы, «Желдіадыр», «Қызыл Ту», (Қоскөл) бірігіп «Шенбер» совхозы, ал 1980 жылдан «Терісакан» совхозы атанған. Ол кезде колхоз басқармасы Саржан Әлмағанбетов еді дейді. Сәбира алғаш еңбек жолын әңгімелеп құрбылары Ақкыз, Артықкүл, Зейнешен колхозда шөп шапқанда қолына айыр алып жинаушы, көпене салушы, өсе келе сауыншы да болғандығын айтты. Егін де салысып жинасқан. Бәрінен де аудандық слетте Нияз ақын мен Молдабектің айтысында Нияз Ожанов ақынның мақтаған өлең шумақтары есіңде қалыпты. Сәбира Қалекенованың соғыс жылдарындағы еңбегі ерекше. Ол – сегіз баланың анасы, «Ана Даңқы» медальінің иегері, еңбек ардагері.

Ұлықтауда соғыс жылдарында еселі еңбегімен ерлердің жоқтығын білдірмей, қайсарлық танытқан қыз-келіншектер, әйел-аналар қаншама?! Олардың әрқайсысының еңбек жолы ұрпағына, кейінгі жас бұынға мәңгілік үлгі болып қала бермек.

Жезқазған қаласы мемлекеттік архивінің 289-қор, 1-тізімдеме, 121- сақтау бірлігі құжаттарынан әзірленді

«ЖЕЗҚАЗҒАН ҚАЛАСЫ ЖЕР ҚАТЫНАСТАРЫ БӨЛІМІ» МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІНІҢ КӨРСЕТЕТІН МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТТЕРІ

Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы заңына сәйкес, Қазақстан Республикасының Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрлігінің міндетін атқарушы 2020 жылғы 31 қаңтардағы №39/НҚ бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 05 ақпанда №19982 болып тіркелді «Жезқазған қаласы жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесінің көрсетілетін мемлекеттік қызметтері:

- 1) Жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту;
- 2) Жер учаскесінің нысаналы мақсатын өзгертуге шешім беру;
- 3) Іздестіру жұмыстарын жүргізу үшін жер учаскелерін пайдалануға рұқсат беру;
- 4) Ауыл шаруашылығы алқаптарын бір түрден екінші түрге ауыстыруға түпкілікті шешім беру;
- 5) Елді-мекендер шегінде объектілер салу үшін жер учаскелерін беру;
- 6) Сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды талап етпейтін мемлекет меншігіндегі жер учаскелеріне құқықтар алу);
- 7) Бүлінген жерлерді қалпына келтіру жобасын келісе беру;
- 8) Жер учаскесін жеке меншікке ақысын бірден төлеп не бөліп төлеуге;
- 9) Жер учаскесін алу үшін кезекке қою;
- 10) Жер учаскелерінің бөлінетіндігі мен бөлінбейтіндігін айқындау. Өтінішті қабылдау және мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін беру:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация) арқылы жүзеге асырылады.

Мемлекеттік корпорацияның жұмыс кестесі – Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына және «Қазақстан Республикасындағы мерекелер туралы» 2001 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабына сәйкес жексенбі және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап сенбіне қоса алғанда, түскі үзіліссіз, жұмыс кестесіне сәйкес сағат **9.00-ден 20.00-ге** дейін.

2) «электрондық үкіметтің» www.gov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).

2020 жылдың 3 қаңтарынан осы жылдың 1 қыркүйек аралығында «Жезқазған қаласының жер қатынастары бөлімі» ММ-де 402 мемлекеттік қызметтер электрондық түрде көрсетілген.

Қазіргі таңда сапасын жақсарту және уақытылы атқару үшін мемлекеттік қызметтер электрондық форматқа ауыстырылды, қағдасына сәйкес бір тереңден қызметті зекеттен тыс, алдын-ала жазбасыз жетелтілген. Мемлекеттік қызметтер азаматтарға жер телімдерінің нысаналы мақсатын өзгертуге, жер теліміне құқық беретін құжаттарды ашық және заңды түрде ресімдеуге мүмкіндік береді. Мемлекеттік қызметтер жеке және заңды тұлғаларға тегін көрсетіледі.

Толық ақпарат алу үшін **73-30-12** байланыс телефонына хабарласуыңызға болады.

Ербол ҚУСАЙЫНОВ,
«Жезқазған қаласы жер қатынастары бөлімі» ММ башшысы

DÜISENBI

5 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Könül tolganu», 6:15 «Mäsele», 7:00 «ТАҢ-ШОЛПАН», 10:00 «Келін әні», 12:00 «НИЕТ», 13:35 «Жаңгер», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:05 «Арпа», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қызық екен...», 18:00 «КЕЛІН ӨНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAN», 21:30 «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР-2», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 0:00 «Жүзден жүйрік», 1:30 AQPAPAT, 2:00 «Ashyq alaň», 2:50 «Niет».

ХАБАР

6:00 «7 күн», 7:15 «Удачная сделка», 9:15 «Qalamaitym», 10:20 «Балтақолде бақытым», 12:00 Жаңалықтар, Новости, 12:30 «COVID-19. Международные эксперты с Алмазом Шарманом», 13:10 «Чужое гнездо», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келінжан 2», 17:00 «Qalamaitym», 18:00 «Удачная сделка», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Баспаңа бағыт», 21:00 Итоги дня, 21:40 Ток-шоу «Хабарлар», 22:50

SEISENBI

6 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Ұлы даланың қона шаһарлары», Д/ф, 6:30 AQPAPAT, 7:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Келін әні», 12:00 «НИЕТ», 13:35 «Жан жылыу», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:05 «Арқан жүздеу», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қызық екен...», 18:00 «КЕЛІН ӨНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAN», 21:30 «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР-2», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 0:00 AQPAPAT, 0:30 «Ashyq alaň», 1:25 «Niет», 2:50 «Жан жылыу».

ХАБАР

6:00 Қорытынды жаңалықтар, Итоги дня, 7:15 «Удачная сделка», 9:15 «Qalamaitym», 10:20 «Балтақолде бақытым», 12:00 Жаңалықтар, Новости, 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен», 13:10 «Чужое гнездо», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келінжан 2», 17:00 «Qalamaitym», 18:00 «Удачная сделка», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Народный контроль», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Дети сеестёр», 22:40 «Соңғы үміт», 23:35 «Келінжан 2», 0:25 «Балтақолде бақытым».

SÄRSENBI

7 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының күншілары», Д/ф, 6:30 AQPAPAT, 7:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Келін әні», 12:00 «НИЕТ», 13:35 «Тұлға», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:10 «АУЫЛДАСТАР», 16:45 «100 JANA ESİM», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қызық екен...», 18:00 «КЕЛІН ӨНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAN», 21:30 «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР-2», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 0:00 AQPAPAT, 0:35 ФУТБОЛ. УЕФА. ЖОЛДАСТЫҚ КЕЗ-ДЕСУ. ПОРТУГАЛИЯ – ИСПАНИЯ, 2:45 «Ashyq alaň».

ХАБАР

6:00 Қорытынды жаңалықтар, Итоги дня, 7:15 «Удачная сделка», 9:15 «Qalamaitym», 10:20 «Балтақолде бақытым», 12:00 Жаңалықтар, Новости, 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен», 13:10 «Чужое гнездо», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келінжан 2», 17:00 «Qalamaitym», 18:00 «Удачная сделка», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Баспаңа бағыт», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Дети сеестёр», 22:40 «Соңғы үміт», 23:35 «Келінжан 2», 0:25 «Балтақолде бақытым».

BEISENBI

8 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының күншілары», Д/ф, 6:30 AQPAPAT, 7:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Келін әні», 12:00 «НИЕТ», 13:35 «MENIŇ QAZAQSTANYM», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:15 «АУЫЛДАСТАР», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қызық екен...», 18:00 «КЕЛІН ӨНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAN», 21:30 «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР-2», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 0:00 AQPAPAT, 0:35 «Ashyq alaň», 1:30 «Niет», 2:55 «MeniŇ Qazaqstanym», 3:20 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 Қорытынды жаңалықтар, Итоги дня, 7:15 «Удачная сделка», 9:15 «Qalamaitym», 10:20 «Балтақолде бақытым», 12:00 Жаңалықтар, Новости, 12:30 «COVID-19. Международные эксперты с Алмазом Шарманом», 13:10 «Чужое гнездо», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келінжан 2», 17:00 «Qalamaitym», 18:00 «Удачная сделка», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:30 «Народный контроль», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Дети сеестёр», 22:40 «Соңғы үміт», 23:35 «Келінжан 2», 0:25 «Балтақолде бақытым».

JUMA

9 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының күншілары», Д/ф, 6:30 AQPAPAT, 7:00 «TANSHOLPAN», 10:00 «Келін әні», 12:00 «НИЕТ», 13:35 «ІМАНН ӨЗЕГІ», 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Қанатсыз құстар-2», 16:00 «АУЫЛДАСТАР», 16:35 «АТМЕКЕН», 17:00 AQPAPAT, 17:15 «Қызық екен...», 18:00 «КЕЛІН ӨНІ», 20:00 AQPAPAT, 20:30 «ASHYQ ALAN», 21:30 «ҚАНАТСЫЗ КҮСТАР-2», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 0:00 «PARASAT MAIDANY», 0:30 AQPAPAT, 1:05 «Ashyq alaň», 1:55 «Niет», 3:20 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 Қорытынды жаңалықтар, Итоги дня, 7:15 «Удачная сделка», 9:15 «Qalamaitym», 10:20 «Балтақолде бақытым», 12:00 Жаңалықтар, Новости, 12:30 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен», 13:10 «Чужое гнездо», 15:00 «Бүгін», 16:10 «Келінжан 2», 17:00 «Qalamaitym», 18:00 «Удачная сделка», 20:00 Қорытынды жаңалықтар, 20:40 «COVID-19. Халықаралық сарапшылар Алмаз Шарманмен», 21:00 Итоги дня, 21:40 «Дети сеестёр», 22:40 «Соңғы үміт», 23:35 «Келінжан 2», 0:25 «Балтақолде бақытым».

SENBI

10 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Қазақ даласының күншілары», Д/ф, 6:30 «Гасырлар М/х, 7:55 «Ауылдастар», 7:30 «Дала ойындары», М/х, 8:35 «АКСАҒЫТ», 9:00 «Ауылдастар», 10:00 «Келін әні», 12:00 «NUR TİLEY», Сұхбат, 12:35 «КҮМІС КОМЕДІ», 13:25 Мультфильм, 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Ең сұлу», К/ф, 17:10 «ЖАРҚЫН ЖҮЗДЕС», 18:00 «КЕЛІН ӨНІ», 20:00 «MÄSELE», 20:40 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 23:00 «ЕГІЗ ЛЕБІЗ», 23:15 «ФАТМАҒҮЛ», 23:40 «Äzil älemi», 0:35 ФУТБОЛ. УЕФА. УЛТТАР ЛИГАСЫ. УКРАИНА – ГЕРМАНИЯ, 2:45 «Mäsele», 3:25 «Nur Tiley», Сұхбат, 3:55 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Жаса, қазақ!», Әділ мен Дана, 8:00 Профессональнй бокс, Жанибек Алимханұлы – Карлос Гонгора, 10:00 «Өзін-өзі тану», 10:10 «Q-бренд», 10:20 М/ф, «Тарзан», 11:45 Телехикая марафоны. «Көкжал», 14:30 Кино, «Бриллиантовая рука».

JEKSENBI

11 QAZAN

QAZAQSTAN
6:05 «Үлгітқы арнада – ұмытылмас әндер», 7:15 «Ертемір», М/х, 7:55 «Сағындырған әндер-ай!», 9:00 «Атамекен», 9:25 «Ауылдастар», 10:00 «Келін әні», 12:00 «КЫМБАТ ЖАНДАР», 12:50 «Қазақ елі», М/ф, 14:00 «ХАНЗАДА», 15:10 «Ауылдастар», 15:50 «Егіз лебиз», 18:00 «КЕЛІН ӨНІ», 20:00 «АРТА», 20:50 «ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК», 22:30 «ФАТМАҒҮЛ», 0:00 «Jaidarman», 0:35 ФУТБОЛ. УЕФА. УЛТТАР ЛИГАСЫ. ФРАНЦИЯ – ПОРТУГАЛИЯ, 2:45 «Арпа», 3:35 «Ауылдастар».

ХАБАР

6:00 «Тамаша», 7:10 «Махаббат аралы», «Азия» тобы, 9:00 «Сампопозание», 9:10 «Discovery: Сквозь чертоточку с Морганом Фрименом», 10:10 «Про спорт», 10:40 Кино, «Бриллиантовая рука», 12:30 Концерт, «Азия & Байкай «Оп-

«Келінжан 2», 23:40 Док/фильм «Культура равновесия», 0:20 «Балтақолде бақытым».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Көкеш келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vine Time, 14:00 Новости, 14:05 «Профессионал» шоу, 14:45 «Брак по завещанию 2», 16:00 «Айтаруm bar», 16:55 «Үздік әзілдер», 18:00 «Кызғалдақ», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 5/36, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Көкеш келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандауым сен», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебінен», 3:35 «KazNet», 3:55 «Не ври мне», 5:30 «Шімен апаның хикаялары».

КТК

07:05 «МӨССАҒАНКЗ», 07:50 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», 08:20 «ҚАРА ТЕНІЗ», 10:10 «ИНАЯ РЕАЛЬНОСТЬ», 10:50 «ПОЗДНЕЕ СЧАСТЬЕ», 13:00 «НА КРАЮ ЛЮБВИ», 17:00 «ӨМІР САБАҒЫ», 18:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХААББАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 23:45 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ».

КТК

2», 0:30 Профессональнй бокс. Международный турнир Cold wars.

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Көкеш келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vine Time, 14:00 Новости, 14:05 «Профессионал» шоу, 14:45 «Брак по завещанию 3», 16:00 «Айтаруm bar», 16:55 «Үздік әзілдер», 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 5/36, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Көкеш келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандауым сен», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебінен», 3:35 «KazNet», 3:55 «Не ври мне», 5:30 «Шімен апаның хикаялары».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «ҚАРА ТЕНІЗ», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «РОЗЫСК», 12:40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ», 14:50 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 17:00 «ӨМІР САБАҒЫ», 18:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХААББАТ», 19. КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21.00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21.40 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 23.45 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ», 01.30 «РОЗЫСК», 02.15

КТК

21:40 «Дети сеестёр», 22:40 «Соңғы үміт», 23:35 «Келінжан 2», 0:25 «Балтақолде бақытым».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Көкеш келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vine Time, 14:00, Новости, 14:05 «Профессионал» шоу, 14:45 «Брак по завещанию 3», 16:00 «Айтаруm bar», 16:55 «Үздік әзілдер», 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 6/49, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Көкеш келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандауым сен», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебінен», 3:35 «KazNet», 3:55 «Не ври мне», 5:30 «Шімен апаның хикаялары».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «ҚАРА ТЕНІЗ», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «РОЗЫСК», 12:40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ», 14:50 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 17:00 «ӨМІР САБАҒЫ», 18:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХААББАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 23:45 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ», 01:30 «РОЗЫСК», 02:15

КТК

21:40 «Дети сеестёр», 22:40 «Соңғы үміт», 23:35 «Келінжан 2», 0:25 «Балтақолде бақытым».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Көкеш келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vine Time, 14:00 Новости, 14:05 «Профессионал» шоу, 14:45 «Брак по завещанию 3», 16:00 «Айтаруm bar», 16:55 «Үздік әзілдер», 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 ASTANA TIMES, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Көкеш келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандауым сен», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебінен», 3:35 «KazNet», 3:55 «Шімен апаның хикаялары».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «ҚАРА ТЕНІЗ», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «РОЗЫСК», 12:40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ», 14:50 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 17:00 «ӨМІР САБАҒЫ», 18:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХААББАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 23:45 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ», 01:30 «РОЗЫСК», 02:15

КТК

21:40 «Дети сеестёр», 22:40 «Соңғы үміт», 23:35 «Келінжан 2», 0:25 «Балтақолде бақытым».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Күлдірген», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Көкеш келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vine Time, 14:00 Новости, 14:05 «Профессионал» шоу, 14:45 «Брак по завещанию 3», 16:00 Док/фильм, 16:30 «Үздік әзілдер», 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 ASTANA TIMES, 20:55 Loto 5/36, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Көкеш келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Тандауым сен», 1:50 ASTANA TIMES, 2:50 «Біреудің есебінен», 3:35 «KazNet», 3:55 «Не ври мне», 5:30 «Шімен апаның хикаялары».

КТК

07:05 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 07:30 «ҚАРА ТЕНІЗ», 10:00 НОВОСТИ, 10:40 «РОЗЫСК», 12:40 «МОРСКИЕ ДЬЯВОЛЫ. РУБЕЖИ РОДИНЫ», 14:50 «ДВОЕ ПРОТИВ СМЕРТИ», 17:00 «ӨМІР САБАҒЫ», 18:00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХААББАТ», 19:30 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР, 20:00 «ДА-УДАМАЙСЫЗ», 20:35 «КТКweb», 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ, 21:40 «ЛЕГЕНДА ДЛЯ ОПЕРШИ», 01:20 «РОЗЫСК», 02:00 «ДАУ-ДАМАЙСЫЗ», 02:30 «КТКweb».

КТК

лиантовая рука», 16:20 Мерахит «Тайные агенты», 18:20 Телехикая марафоны. «Соңғы үміт», 20:10 «Отдел журналистских расследований», 21:00 «7 күн», 22:00 «Национальный интерес с Ерманом Бехожинным», 23:20 Телехикая марафоны. «Көкжал».

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 6:30 «Әзілтан», 7:00 «Үздік әзілдер», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 9:30 «Көкеш келін», 11:00 «Сүлеймен Сұлтан», 12:10 «Ұлы ханша», 13:40 Vine Time, 14:00 «1 минут», 15:00 «Q-travel», 15:30 X/ф «Алга, Лада», 17:30 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры, 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 «Үздік әндер», 20:55 Loto 6/49, 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Көкеш келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 «Bas Times», 2:10 Той жары, 2:35 «KazNet», 2:55 «Шімен апаның хикаялары», 4:00 «Не ври мне», 5:35 «Шімен апаның хикаялары».

КТК

07:05 «КТК» ҚОРЖЫНЫНАН», 07:50 «ШАТЫР АСТЫНДАҒЫ ЕКЕУ», 08:40 «БАЗАР ЖОҚ АЛАН», 09:40 «КТКweb», 10:00 «СМЕЯТСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», 12:10

КТК

май-опмай», 14:10 Мерахит «Тайные агенты», 16:10 Телехикая марафоны. «Келінжан 2», 18:30 «Мәжіліс.kz», 19:00 «Айтару», 21:00 «7 күн», 22:00 «Большая неделя», 23:00 Фильм ужасов «Мама», 1:20 Төрелгініз.

АСТАНА

6:00 «Ән мен әзіл», 7:00 «KazNet», 7:30 «Әзілтан», 8:00 М/ф «Маша и медведь», 10:00 TeleBingo, 10:25 «Көкеш келін», 11:55 «Сүлеймен Сұлтан», 13:25 «Ұлы ханша», 15:00 «1 минут», 16:00 «Алдараспан» әзіл-сықақ театры, 18:00 «Белгісіз жан», 20:00 «Үздік әндер», 20:45 «Аяла алақан», 21:00 «Сүлеймен Сұлтан», 22:00 «Көкеш келін», 23:10 «Ұлы ханша», 0:40 X/ф «Алга, Лада», 2:40 «Әзілтан», 3:00 «KazNet», 3:20 «Ән мен әзіл», 4:20 «Не ври мне», 5:30 «Шімен апаның хикаялары».

КТК

07:05 «НАҒЫЗ ЕРКЕК», 08:30 «КӨНІЛДІ ОТБАСЫ», 09:30 «СМЕЯТСЯ РАЗРЕШАЕТСЯ», 11:10 «БЫВШАЯ», 15:30 «АТАЛАР СӨЗІ», 17:00 «ДЕВОЧКИ МОИ», 21:00

БЕЖИ РОДИНЫ», 01.30 «ПОЗДНЕЕ СЧАСТЬЕ», 03.00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 03.50-05.00 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХААББАТ».

7-АРНА

06.00 «Қуырдақ», 06.10 «Еленген есім», 07.20 «Элиф», 08.30 «Партия для чемпионов», 13.00 «Жалдамалы қалыңдық», 14.00 «Азулы әулет», 15.10 «Q-елі», 15.50 «Анна детектив», 17.00 «Тайны госпожи Кирсановой», 18.10 «Балабол-3», 20.20 «Жалдамалы қалыңдық», 21.20 «12 күн», 22.00 «Ата-ана. Бала-шаға», 22.30 «Элиф», 23.30 «Машкин дом», 00.15 X/ф «Самый лучший день», 02.30 «Q-елі», 02.50 «Азулы әулет», 04.00 «Элиф», 04.50 «Өз ойым».

ДИДАР

08.00 «Гороскоп», 08.05 «Online-Фитнес», 08.15 «Жұлдыз FM» радиосында «Таңғы шоу», 11.15 Фильм «Махаббат асияла», 13.00 «За строкой Послания...», 13.15 «Шырағаты көкөк, сүлу әні» концерттік бағдарлама, 14.10 Док/фильм, 15.15 «Жүрек тынысы», 16.00 «Хабарландыру», 16.10 «Туған елім» Астана тобының концерті, 17.25 Т/х «Асыл арман», 18.00 «Деректі фильм», 18.30 «Гороскоп», 18.35 «Хабарландыру», 18.45 «Квартирник TENGRI», 19.45

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ», 03.00-04.10 «КЕКТЕН ТУҒАН МАХААББАТ».

7-АРНА

06.00 «Қуырдақ», 06.10 «Еленген есім», 07.10 «Келесі кім?», 07.50 «Элиф», 09.00 «Тайны госпожи Кирсановой», 10.10 «Балабол-3», 12.30 «Япырай», 13.00 «Жалдамалы қалыңдық», 14.00 «Азулы әулет», 15.10 «Q-елі», 15

ТАҒЫЛЫМЫ ТЕРЕҢ БІЛІМ ОРДАСЫ

1940 жылғы 2 қазанда КСРО Жоғары Кеңес Президиумының «КСРО Мемлекеттік еңбек резервтері туралы» Жарлығымен құрылған кәсіптік-техникалық білім беру жүйесіне биыл 80 жыл толып отыр.

Ұлылардың мұрасы да, мұраты да, атақ-даңқы да мерей тойы да кейінгіге үлгі. Үлгіге қарап ұрпақ өседі. Осы бағытта білімді, кәсіби құзыретті, бәсекеге қабылетті, рухани құндылықтарды бойына сіңірген, шығармашыл маман даярлауда колледж директоры Айгүл Сапарханқызы Исаханованың басқаруымен Жезқазған гуманитарлық колледжі жемісті еңбек етіп, талай жеңістерге жетіп, биік белестерді бағындырып, ел абыройын асқататын жүрген іргелі оқу орындарының бірі.

Былтырғы оқу жылында жастар жылы аясында ұйымдастырылған «Мен – жас қазақстандықпын» қалалық форумда «Үздік оқу орны-2019» номинациясымен марапатталуы – колледжіміздің бағындырған бір белесі.

Маман даярлауда оқытушылардың еңбектері де өз жемісін бере білді. Г.К.Серікбаева мен Р.Т.Түсіп-назарованың жетекшілігімен білім



алушыларымыз «Дарынды балаға – талантты ұстаз» педагогикалық олимпиадасының облыстық кезеңінде жүлделі I орын, республикалық кезеңінде III орын иеленсе, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының студенттері арасындағы «Worldskills Karaganda» аймақтық және республикалық чемпионатына жетекшілік еткен А.Д.Бекмағанбетова мен пән оқытушылары Н.А.Құлмағанбетова, С.Е.Шатенова, Г.А.Шауенова, Ш.З. Досовалар студент дайындағаны үшін алғыс хатпен марапатталды.

Оқыту үрдісінде терең білім берумен қатар студенттерді жан-жақты дамыту мақсатында түрлі жарыс, олимпиадаға қатысуға баулып, облыстық олимпиадаға жетек-

шілік жасаған М.А.Темірбеков пен М.Ж.Айтұраровалар жүлделі орындарға ие болды.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Педагогикалық шеберлік орталығы» ЖМ әзірлеген ҚР орта білімді жаңарту аясында Р.З. Забаров, Г.М.Калжанова, П.Т. Нығызбаева ТЖКБ ұйымдарының ЖББП оқытушыларының біліктіліктерін арттыру барысында тренерлік сертификатқа ие болды.

«Жігер» облыстық жастар қозғалысының мүшелері арасында өткізілген бейнероликтер байқауында Б.А.Ашманова, М.З.Құлмағанбетова жетекшілік жасап, жүлделі I орын иеленді.

«Мәртебелі ұстаз» атты республикалық байқауда Г.Р.Трахпанова,

Г.Р.Оспанова I дәрежелі дипломмен, А.С.Естаева, К.С.Есмағанбетова, М.А. Алтаевалар Алғыс хатпен марапатталды.

Оқу жылының басы зор қуанышпен басталды. Өйткені қалалық әкімдікте спорт күніне арналған мерекелік жиында М.Үлкімбаев пен Д.Аубакиров ақшалай сыйлық, алғыс хаттармен марапатталды.

Осындай қызмет атқарып, елеулі еңбек етіп жатқан оқытушыларды кәсіби мерекесімен құттықтаймыз. Сіздерге ұрпақ тәрбиелеудегі өрелі жұмыстарыңыз бен абыройлы істеріңізге толымды табыс тілейміз.

Бақытбике АСЫЛБЕКОВА,
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері

Құрметті білім саласының қызметкерлері! Қымбатты ардагерлер!

«Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы» қоғамдық бірлестігі атынан Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз — Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

«Алты алаштың баласы бас қосқан кезде, төрлегі орын ұстаздікі» деп Мағжан Жұмабаев дәл айтып кеткен. Заманауи әлемде елдің қуаты ең алдымен азаматтардың білімімен өлшенеді. Ұстаз – ұлы сөз. Өзінің ісімен, сөзімен егемен еліміздің болашағын ойлайтын, тәуелсіздігін қорғайтын білімді ұрпақтың тәлімгері сіздерсіздер!

Қаламызда өзінің сара жолымен елге, халыққа сіңірген еңбегімен өскелең ұрпаққа үлгі болатын тау тұлғалы азаматтар, өзінің біліктілігімен, кәсібилігімен дараланған ұлағатты ардагер ұстаздар жетерлік. Болашақ пен келешек үшін талмай қызмет етіп, саналы ғұмырын осы жолға арнап келе жатқан білім қызметкерлері ұрпаққа өнегелі тәрбие мен сапалы білім беріп қана қоймай, кәсіподақ қозғалысының дамуына да зор үлес қосып келе жатыр. Сіздерге денсаулық, бақ-береке тілейміз. Шәкірттеріңіз биік шыңдардан көрініп, еңбектеріңіз ақтала берсін! Мерекелеріңіз құтты болсын!

«Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағының «Ұстаздар мерекесі» торағасы»



КӘСІПОДАҚ ХАБАРЫ

САЛА АРДАГЕРЛЕРІН ҚҰТТЫҚТАДЫ

Мереке қарсаңында өмірін өнегеміз өрнектеп, ұстаз атты ұлы есімді абыроймен арқалаған ардагер ұстаздар да естен шыққан емес. Жезқазған аймақтық білім және ғылым қызметкерлерінің жергілікті кәсіптік одағы мен қалалық білім қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы жасылдағы дәстүрге сай зейнеткер ұстаздардың үйіне барып, арнайы сый-сырағаларын табыстады.

— Сіздердің еңбек жолдарыңыз — көпке үлгі. Мына сіздер білім берген балалар қоғамының әр түрлі салаларында еңбек етіп, еліміздің өркендеуіне үлесін қосуда. Бүгін — сәреке күн. Аяулы ана, асыл әже, қадірлі ұстаз атанған ардагерлермен бетпе-бет жүздесуе бақыты бұйырғанына шексіз қуаныштымын. Арттарыңыздан ерген жастарға сіздердің жолдарыңызды берсін! — деді Марат Қоңырбаев ұстаздарға арнаған құттықтау лебізінде.

Құттықтаушылар тобы алғаш болып ардагер ұстаз Рахия Досмағанбетованы құттықтады.

— Мен — бастаушы пәнінің мұғалімі болып еңбек еттім. Еңбек жолымды қара шаңырақ № 8 қазақ гимназиясынан

бастадым. Менің жолдасым Қабден Шыңғысов та — көпке белгілі педагог. Екі ұстаз бас қосты. Бір-бірімізден үйренеріміз мол болды. Біздің кезімізде ұстаздар күні деген мереке соншалықты кең аталмайтын. Бізді де ұмытпай, елп-ескеріп жатқан сый-құрметтеріне алғысымызды білдіремін, — деген 90-нан асқан Рахия Досмағанбетова әрдайым жас ұрпақтың амандығын тілейтінін жеткізді.

Кездесу одан әрі Сәрсенқұл Қазымбетова, Шабат Қошан, Ұлтай Ахметова, Сәуле Құндақбаева, Ажар Қоңырқоджаева сынды қарт ұстаздардың үйлерінде жалғасын тапты.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



Құрметті Шұғыла Сайлауқызы Аймурзина!

Мұғалім — мамандықтың төресі. Бұл мамандық үлкен жүрек пен адалдықты, табандылықты талап етеді. Өйткені, әрбір үйдің еркесінің бабын тауып, оларды жаңа қырынан аша білу, олардың білімге деген талап, ынта, құштарлығын ояту, оны мен солын таныту бәрі-бәрі ұстаздың мойнында. Осынау асыл қасиеттердің бәрін бойына жинаған білім саласының майталмандары бүгінде арамдыда бар. Болардың бірі әрі бірегейі — Шұғыла АЙМУРЗИНА.

Әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігімен ұштасып жататын аяулы ұстазымызды кәсіби мерекесімен құттықтаймыз. Шұғыла Сайлауқызы, осынау мерейлі мерекеле деңізіңізге саулық, отбасыңызға береке-бірлік, қолға алған әр істіңізге сәттілік тілейміз. Шәкірттеріңіз биік шыңдардан көрініп, еңбегіңіз ақтала берсін!

Ізгі тілекпен, 8 «ғ» сыныбының ата-аналары мен оқушылары



Баян Хамитқызы БЕКТҰРОВА!



асқан ештеңе жоқ.

Баян Хамитқызы, Сізді қазанның алғашқы жексенбісімен келетін Мұғалімдер күнімен шын жүректен құттықтай отырып, деніңізге саулық, отбасыңызға амандық тілейміз! Бағындырар белестеріңіз бен жетер жетістіктеріңіз таусылмасын. Баланы ең әуелі мейірім-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулып жүрген ісіңізге береке берсін.

Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің 1 «б» сынып ата-аналары

Бүгін біз сөз еткелі отырған Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің 1 «б» сыныбының мұғалімі **Баян БЕКТҰРОВА** — ізгі тілекті, мейірдан мінез, арда көңіл аяулы ұстаздардың бірі.

Баласын бірінші сыныпқа берерде қай ата-ана болмасын кез келген ұсақ-түйекті жете сараптап, естіген-білгендерін ой елегінен өткізіп, тәжірибелі маманды іздейтіні жасырын емес. Бізде баламызды қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқтырмайтын екінші анасының білімі толысқан, жүрегі ізгілікке толған, көреген адам болғанын қаладық. Бір үміт, бір күдікпен мектеп табалдырығын аттағанда үмітіміз ақталды. Бүгінде біз Баян Хамитқызының біліктілігіне төнтіміз. Білім әлеміне саяхаттаған балаларымыздың күн сайын жана әріптін танып, өзіне таңсық дүниелермен танысып келгендегі қуанышын көргенде біздің де көңіліміз жадырап сала береді. Себебі, ата-ана үшін бала бақытынан

Құрметті Гүлнұр Жұмабекқызы!

Қ. Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицейдің 3 «ә» сыныбының дара көңіл, дана пейіл сынып жетекшісі **Гүлнұр Жұмабекқызы ҚОЗЫБАЕВАНЫ** ұстаздар күнімен шын жүректен құттықтаймыз! Бар білгеніңізді ортаға салып, кез келген қоғамдық іс-шараның басы-қасынан табылатын, үйретуден жалықпайтын Сізді біз әрдайым құрмет тұтамыз. Ұстаздық кәсібіңіздің берекелі нәсібін көріп, білім теңізінде тайсалмай жүзе беріңіз. Деніңізге саулық, басыңызға амандық, отбасыңызға ырыс, еңбегіңізге табыс тілей отырып, төмендегі өлең жолдарын арнаймыз.

Білімнің жинай білсек бүгін нәрін,
Ұстаздың еңбегі деп ұғынғаным.
Алғашқы ұстаз, бір сіздің арқанызда,
Бұл күнде шарлай алсақ білім бағын.

Бір сізді теңеуменен бәрі асылға,
Біледі, ұғайды ұстаз бағасын да.

Сондықтан әр шәкірттің өмір жолда
Жүресіз ұмытылмай санасында.

Бүлдіршің тәрбиесі - табысыңыз,
Бүгін де қарыздармыз бәрі үшін біз.
Шәкірттен алғыс алып қалаңда да,
Жемісті бола берсін әр ісіңіз!

Тілек білдіруші: Қ.Сәтбаев атындағы №7 мектеп-лицей 3 «ә» сыныбының ата-аналары



ЖОЛДАУ 2020

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН МАҚСАТТЫ ПАЙДАЛАНУ

ҚР ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖОЛДАУЫ-2020

БЖЗҚ-ДАН ЖИНАҚТАРДЫҢ БІР БӨЛІГІН КЕЛЕСІ АЗАМАТТАР ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ:

«ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ»
ДЕП АТАЛАТЫН СОМАДАН АСАТЫН ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫ БАР ЕҢБЕКТЕ ЖАРАМДЫ ЖАСТАҒЫ АЗАМАТТАР (ШАМАМЕН 529,7 МЫҢ АДАМ) БЕЛГІЛІ БІР СОМА ЗЕЙНЕТАҚЫ ШОТЫНДА ҚАЛУЫ КЕРЕК.

БЖЗҚ-ДА ЖИНАҚТАРЫ БАР ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР – ЖИНАҚТАЛҒАН СОМАНЫҢ 50%-ЫНА ДЕЙІН ПАЙДАЛАНА АЛАДЫ (ШАМАМЕН 178,4 МЫҢ АДАМ). ОСЫ САНАТТА ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖОҒАЛҒАН ТАБЫС МӨЛШЕРІНІҢ КЕМІНДЕ 40%-ЫН ҚҰРАУҒА ТИІС

ЗЕЙНЕТАҚЫ АННУИТЕТІН РЕСІМДЕГЕН ЖӘНЕ ӘЛІ ДЕ ЖИНАҚТАРЫ БАР АЗАМАТТАР (ШАМАМЕН 13,3 МЫҢ АДАМ)

«ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІНІҢ» НЕГІЗГІ ПАРАМЕТРЛЕРІ:

- әйелдер мен ерлер үшін бірдей;
- жаңа алушылар үшін қайта есептелетін болады;
- 20 жастан бастап әр жас үшін есептеледі.

30 ЖАСТАҒЫ АЗАМАТТАР ҮШІН «ЖЕТКІЛІКТІЛІК ШЕГІ»
2 млн. 518 мың теңгені құрайды.
35 жас үшін — 2 млн. 961 мың теңге;
40 жас үшін — 3 млн. 437 мың теңге;
45 жас үшін — 3 млн. 947 мың теңге;
50 жас үшін — 4 млн. 495 мың теңге;
55 жас үшін — 5 млн. 084 мың теңге;
59 және одан үлкен жас үшін — 5 млн. 586 мың теңге.

ТҮРГЫН ҮЙ ЖАҒДАЙЫН ЖАҚСARTYPA, ЕМДЕЛУ ҮШІН ТӨЛЕУГЕ НЕМЕСЕ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІН СЕНИМГЕРЛІК БАСҚAPYPA ҚAPЖЫ КОМПАНИЯЛАРЫНА БЕРУГЕ БОЛАДЫ.

ТҮРГЫН ҮЙ 5 ЖЫЛ ӨTKЕННЕН KEЙІН ҒАНА CАТЫЛУЫ МҮMKІН.

ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖИНАҚТАРЫН ТҮРГЫН ҮЙ CАТЫП АЛУҒА ПАЙДАЛАНУ ОПЕРАТОРЫ РЕТІНДЕ «ОТБАСЫ БАНКІ» ҰCЫНЫЛАДЫ.

МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫ

ӘМСҚ ПАЦИЕНТ ҚҰҚЫҒЫН ҚОРҒАЙТЫН 6 ӘДІСТІ АТАДЫ

Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорына күн сайын пациенттерден медициналық ұйымдарда көрсетілетін медициналық қызмет сапасына қатысты түрлі сұрақ келеді. Қордың негізгі міндеттерінің бірі - пациенттің құқығын қорғау. Сондықтан Қор «пациент құқығын қорғаудың 6 тәсілі» деген жадынама-кеңес дайындады:

- ПАЦИЕНТІ ҚОЛДАУ ЖӘНЕ ІШКІ САРАПТАМА ҚЫЗМЕТІ**
Мәселені жылдам шешу үшін мән-жайды сол жерде түсінуге тырысыңыз. Ол үшін әрбір медициналық ұйымда пациентті қолдау және ішкі сараптама қызметі жұмыс істейді. Ол медициналық қызметтің сапасын, олардың толықтығын және стандарттарға сәйкестігін бақылау үшін құрылған.
- ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ БАСҚАРМАСЫНЫҢ БАЙЛАНЫС-ОРТАЛЫҒЫ**
Егер пациентті қолдау қызметі түйінді шеше алмаса және сіздің мәселеніз медициналық көмекті ұйымдастыруға қатысты болса, онда өңірдегі Денсаулық сақтау басқармасының байланыс-орталығына жүгініңіз.
- ҚОЛДАУ 24/7 МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫ АРҚЫЛЫ ӨТІНІШ ҚАЛДЫРУҒА БОЛАДЫ**
Оны Қор мамандары қарайды. Олар медициналық ұйыммен байланысқа шығып, ақпарат сұратады, медициналық көмек көрсету немесе көрсетуден бас тарту себептерін тексереді. (Play Market және App Store орнатуға болады)
- TELEGRAM-ДА SAQTANDYRUBOT**
«Негізгі мезгіл» пәрменін басқаннан кейін бірнеше бөлім бар. «1406-ға өтініш жіберу» таңдалыңыз. Өтініште бот командаларына сәйкес өңір, медициналық ұйымның атауы және мәселенің мән көрсетіледі.
- 1406 БІРЫҢҒАЙ БАЙЛАНЫС ОРТАЛЫҒЫ**
Тәулік бойы қонысу қабылдайды және өтініштерді үш деңгейлі модель бойынша қарастырады.
- ӘЛЕУМЕТІК МЕДИЦИНАЛЫҚ САҚТАНДЫРУ ҚОРЫНЫҢ FMS.KZ САЙТЫ**
Ресми сайт пайдаланушыларға Әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының fms.kz сайтына кіріп өтініш жасаған ыңғайлы және «Халықтық бақылау» бөлімінен қажетті тапсырманы таңдаңыз: шағындану немесе ұсыныс қалдыру.

kazinform © «ҚАЗАҚПАРАТ» ХАЛЫҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ АГЕНТТІГІ, 2020 ЖЫЛ